Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№46 (798) Сәрсенбі 16 қараша 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНЫП, ҰСЫНЫС – ПІКІРЛЕР АЙТЫЛДЫ

Облыстық мәслихат депутаты М.Нәлібаевтың төрағалығымен сессия алдындағы тұрақты комиссияның бірлескен отырысы өтті. Жиынға облыстық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының және басқарма басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі 2022-2024 жылдарға арналған үшжылдық облыстық бюджетке енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабайдың хабарламасы тыңдалып, аталған мәселе егжей-тегжейлі талқыланды.

Мұнда облыстық мәслихат депутаттары бірқатар ұсыныс-пікірлерін айтты. Мәселен, Б.Махашов су қоймалары туралы және ішкі істер органдарына қаржы бөлу, І.Тілеп Қазалы ауданының көшелеріндегі электр желісін жаңғырту, жарықтандыру, Ж.Ысқақ Жаңақорған ауданы орталығындағы «Саяжай-1» учаскесіндегі 300 гектар аумаққа инженерлік-инфрақұрылымдық желілер орнату және музей мәселесі, Қ.Бисенов мектептердегі әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларды ыстық тамақпен, қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруін қамтамасыз ету, Г.Есқалиева білім саласына байланысты білім беру ұйымдары ғимараттарының шатырларын жөндеуге қаражат қажеттігі, мектепке дейінгі ұйымдарды қосымша қаржыландыру, мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін көтерді.

Сондай-ақ, Т.Шаутай Жансейіт ауылындағы мектеп пен «Жөлектегі» балабақша жайы, О.Төлепов Жосалы кентіндегі орташа және күрделі жөндеу жұмыстары, С.Бихожа мекемелердегі штаттан тыс қызметкерлерді көбейту мен жедел әрекет ету қызметтерін реттеу, Е.Аяғанов Арал ауданындағы тубдиспансерлік ғимаратты реконструкциялау және Сексеуіл кентіндегі аурухана құрылысы, Н.Әмитов медицина колледжіндегі студенттерге қаржы бөлу, Б.Сабырқызы Шиелі ауданындағы 300 орындық мектепке қосымша құрылыс қажеттігі және Еңбекші ауылдық округіне қарасты «Қосүйеңкі» елді мекеніндегі ауызсу, М.Нәлібаев Үкіметтің қаулысымен бекітілген мерекелердің шығындарына сәйкес басқарма басшыларына қаражат бөлу мәселелері бойынша ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе облыс әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы облыс әкімі аппарат басшысының орынбасары Ж.Еркінбек хабарлама жасады.

Отырыс соңында ұсынылған мәселелер бойынша шешім жобасын сессия қарауына жіберу туралы бірауыздан қаулы қабылданды.

Мұнан кейін облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының басшылары және басқарма басшылары қатысты. Сессияға облыстық мәслихат депутаты Т.Жақыпбаев төрағалық етті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша және депутаттардың ұсыныс-сауалдарына басқарма басшылары тарапынан тиісті жауаптар берілді.

«Ел тілегі» ақпарат

1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға көмек тағайындалады

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізбекші.

Көзделіп отырған өзгерістер «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңға қабылданған түзетулерге байланысты енгізілмекші. Атап айтқанда, мынадай жаңашылдықтар ұсынылып отыр: – кепілді әлеуметтік пакетті ұсыну, оның құнын өтеу тәртібін, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер порталының жұмыс істеу мәселелерін реттейтін ережелерді алып тастау; – АӘК көрсетуге өтініш беру тәртібін проактивті форматта ұйымдастыру; – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының АӘК уақтылы төлеуді қамтамасыз етуі және АӘК төлемдерінің ай сайынғы қажеттілігін, төлемдер кестесін қалыптастыру, тиісті уәкілетті мемлекеттік органға АӘК төлеуге қаражаттың қажеттілігі туралы өтінімді жіберу жөніндегі құзыретін айқындау; – АӘК тағайындау кезеңіне 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша төлем белгілеу.

Бұл ретте проактивті қызмет оны алушының өтінішінсіз-ақ, яғни, жауапты ведомстволық бастамасы бойынша көрсетілетіні айтылған. АӘК алушы учаскелік комиссияға өзінің материалдық жағдайын тексеруге келісім беруі атаулы әлеуметтік көмекті проактивті форматта тағайындауы негіз болмақ. Осылайша, учаскелік комиссияға материалдық жағдайына тексеру жүргізуге келісім берілген күн АӘК тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі. Сондай-ақ құжатта АӘК-ті белсенді форматта тағайындау үшін мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірін тіркеу қажет екендігі айтылған. Бір жастан алты жасқа дейінгі әрбір балаға АӘК және ай сайынғы қосымша төлемді төлеуді уәкілетті орган мемлекеттік корпорация арқылы атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына немесе электрондық әмияндарға электрондық ақшамен аудару арқылы жүргізеді. Бұл ретте бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы қосымша төлем балалардың жасын ескере отырып, ағымдағы тоқсанға АӘК алушыларға тағайындалады және ай сайын төленеді. АӘК тағайындау туралы өтініште бір жастан 6 жасқа дейінгі барлық балаларды, оның ішінде ағымдағы тоқсанда бір жасқа толған балаларды көрсету қажет. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешімде баланың жасын ескере отырып, балаларға ай сайынғы қосымша төлем төлеу кезеңі көрсетіледі. Бала қайтыс болған жағдайда ай сайынғы қосымша төлем бала қайтыс болған айға төленеді. Жәрдемақы беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу Мемлекеттік корпорация мен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым арасында жасалатын шарт негізінде жүргізіледі деп көзделеді. Бұйрық жобасы Ашық НҚА порталында 25 қарашаға дейін қоғам талқылауына ұсынылып отыр.

«Ел тілегі» ақпарат

СУДЬЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Ел Конституциясының 76-бабында «сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды», – деп көрсетілген. Яғни, адамның басты байлығы оның өмірі болса, сол өмірінің қорғалуын соттар жүзеге асырады. Ал осындай жауапкершілікті мойнына арқалаған сот төрелігін іске асырушы судьяларға қойылар талап та тым жоғары болатындығы заңдылық.

Уақыт талабына сай елімізде мінсіз сот корпусын қалыптастыру бойынша бірқатар шаралар атқарылып, түрлі реформалар жүзеге асырылды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес, судьялар Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, антына адал болуға; сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ, қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға тиіс. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

Судьялық лауазымға өту кезінде де талаптар біршама қатаңдатылған. Судьялыққа алғаш қабылданатын тұлға отыз жасқа толған, жоғары білімді, моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған Қазақстан Республикасының азаматы болуы шарт. Мұндай қатаң талаптар судьялық қызметке кез келген адамның келмейтінін аңғартады.

Соттар істерді қарау барысында тәуелсіз әрі нақты істер бойынша ешкімге есеп бермейді. Судьяның актісін жоғары тұрған сот органының ғана өзгертуге, күшін жоюға құқығы бар.

Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов бір сұхбатында «көп жағдайда соттың шешімдерімен, үкімдерімен келіспей жатады. Өздерінің наразылықтарын Жоғарғы Сот сатыларына білдіреді. Әрине, оның бірнеше себебі бар. Басты себептің бірі – сот шешімдерін, үкімдерін түсінбеу. Біз осы жөнінде бір ай бұрын үлкен талқылау жүргіздік. Азаматтық істер бойынша қабылданған сот шешімдері қандай болуы керек? Сол жөнінде бірнеше нормативтік талаптар туралы қаулы қабылдадық» – деген болатын.

Бұл жағдайда соттар тек қана сот төрелігін іске асырып, әділ шешім қабылдаушы ғана емес, әрбір қабылдаған шешім-қарарларын халыққа жеңіл әрі түсінікті жазуы қажет екенін, судьяға қойылатын басты талаптардың бірі осы екенін аңғаруға болады. Көп жағдайда судьяларға тек қана заңгер ретінде қарайды. Бұл қате ұғым. Сөзімнің екі жаққа да тиімді шешім қабылдайтын, ақиқатты қарадан қараңғыда шам ұстағандай етіп ажырата білетін көреген, дауласқанды бітімге шақыратын татуластырушы тұлға.

Осындай судьялар ғана сот төрелігін іске асырады, осындай талапты бойына сіңдіре алған судья ғана сот жүйесіне күмәнмен қарауға жол бермейді. Судьяларға қойылған талаптар қатаңдаған сайын жауапкершілік те арта түспек. Сондықтан еліміздегі адам бостандығының басты құндылығын іске асырушы тұлғалардың жауапкершілігін көтеру арқылы, сот билігін одан әрі дамытамыз.

Н.ЕЛАМАНОВ,
Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Қазалыда қаржыгерлерге құрмет көрсетілді

Қазалы ауданы әкімдігінде ұлттық валюта – теңге күні және қаржы саласы қызметкерлері мерекесіне орай салтанатты шара өтті.

Салтанатты шарада аудан әкімі Мұхтар Оразбаев сала қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, игі тілегін жеткізді. Мұнан соң қаржы саласында еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосқандар марапатталып, құрмет көрсетілді.

Кәсіби мерекеде еңбек ардагері Әбдіқани Дүзелбай Қазалы ауданының «Құрмет грамотасымен», аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысының орынбасары Қазынағүл Бәкен ҚР қаржы министрінің «Алғыс хатымен», аудандық қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Сондай-ақ, бірқатар сала қызметкерлеріне облыстық экономика және қаржы басқармасы басшысы мен аудан әкімінің «Алғыс хаттары» табысталды. Бұл күні ауданның экономикалық көрсеткіштерінің артуына талмай еңбек етіп, табыстың берекесін тасытқан ардагерлер де назардан тыс қалмай, сый-сияпатқа ие болды.

Салтанатты шарада сала ардагерлері Анаркүл Әлнияз, Әбдіқани Дүзелбаев, Кемалбай Көпжасаров және аудандық мәслихат хатшысы Бақытжан Жарылқап құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілектерін жеткізді. Қаржы саласы қызметкерлері мен сала ардагерлерінің құрметіне аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары әннен шашу шашып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет – бүкіл мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруда жетекші рөл атқаратын, мемлекеттік жүйенің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз өз жұмысын жүзеге асыра алмайды. Мемлекетке деген сенім, қазіргі қоғам талабына сай мемлекеттік қызметшіден басталады.

Мемлекеттің басты тірегі, оның идеясы мен саясатын жүргізетін – мемлекеттік қызметші. Демек, мемлекеттік қызметші болу, ұлттың мәртебесін көтеру, ел намысын көтеру – абыройлы парыз. Өйткені, мемлекеттік қызметші – жоғары биліктің, іскерліктің тұлғасы. Оның басты міндеті – туған Отаны мен халқына адал қызмет етуімен бағаланады.

Өңіріміздің қарқынды дамуы мемлекеттік қызметкерлердің тәжірибесіне, талпыныстарына және күш-жігеріне тікелей байланысты. Қала тұрғындарының әл-ауқатын және олардың болашағын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік қызметкерлер жауапты. Сондықтан биліктің ауқымды міндеттері мен биік мақсаттары барша мемлекеттік қызметкерлердің жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады және оны абыроймен алып жүру – бұлжымас міндет. Сіз бен біздің қабылдаған әр шешімнің артында қаншама адамның, отбасының тағдыры тұр. Сондықтан да, қандай да бір шешім қабылдарда эмоцияға ерік бермей, оның салдарын саралай білуіміз керек. Мемлекеттік қызмет – жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін абыройлы, мерейлі міндет!

Ж.ЕСЕНОВА,
Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ӘРБІР ЗАҢ ҚАЗАҚША ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

Тіл – кез келген мемлекетті өзге мемлекеттерден ерекшелейтін басты белгі, ұлт тірегі. Мемлекет басшысы «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде», – деген болатын. Шын мәнінде, тілі жоқ ұлттың болашағы туралы сөз қозғаудың өзі қиын.

Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені көрсетіліп, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны айқындалған. Ал, мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызып келеді. Өкінішке орай, БАҚ беттерінен мемлекеттік қызметте бола тұра, өз тілімізде жетік сөйлей алмайтын шенеуніктерді, оларға қатысты қоғамның сыни пікірлерін жиі көзіміз шалады. Осы орайда, мемлекеттік тілімізді дамытуда мемлекеттік қызметкерлер белсенді болса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, бүкіл қоғам, өскелең ұрпақ мемлекеттік саясатты іске асыратын негізгі буынға қарап бой түзейтінін ескерсек, мемлекеттік тілге деген жанашырлық, құрмет мемлекеттік қызметшіден басталуы тиіс.

Өкінішке орай, елімізде заңдар, салмақты құжаттардың алдымен орыс тілінде жасалып, қазақшаға аударылатыны ашы шындық. Сондықтан, көп жағдайда өзге тілде дайындалған құжатты қазақ тіліне аударған кезде сөйлемдегі негізгі айтылатын ойлар түсініксіз қалпында қалып отыр. Тәжірибе барысында кейде бір құжаттың қазақша нұсқасын түсіну үшін екі-үш рет қайталап оқитын кездер орын алады. Бұл күрделі аудармалар қазақтілді, қазақша ойлау жүйесіндегі адамдарға тіптен қиындық туғызады. Осы ретте тәуелсіз елдегі әрбір заң, құжат қазақша жазылуы тиіс деп білемін.

Белгілі түркітанушы И.Бенцингі «Ғылыми, әдеби, тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең әсем, өте бай тілдің бірі», – деп қазақ тілін ерекше бағалаған екен. Сондықтан, әлемдегі ең бай тіл саналған қазақ тілі – халқымыздың болашағы, рухани өміріміздің бір бөлшегі. Қорыта айтсақ, тілімізге деген құрмет өзімізден басталуы тиіс.

«Ел Тілегі» ақпарат

№46 (798) Сәрсенбі 16 қараша 2022 жыл
e-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

СОТ ӘДІЛДІКТІҢ АЙНАСЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Қармақшы аудандық сотының төрағасы Қуаныш Мыханов мырзамен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстарымен танысып, сұхбаттасудың сәті түскен болатын.

- Қуаныш Тасмағанбетұлы Қармақшы аудандық сотының бүгінгі тыныс-тіршілігі қалай?

-Сот соңғы жылдары жаңа реформалар кезеңіне аяқ басты. Тәуелсіздік жылдарынан бері сот саласы дамып, заман талабына сай жетіліп, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерге бет бұрып келеді. Құқықтық, зайырлы мемлекеттік негізгі талаптары мен шарттары жүзеге асып, азаматтық қоғамның дамуы мен құқықтық институттардың жандануы заңдарымыздың үстемдігін арттырғанына көзіміз жетті. Аудандық соты да басқа республиканың барлық соттарына бірдей қойылатын талап-мақсаттарды алға қоя отырып, өзімізге бекітілген міндеттерімізді адал да абыроймен атқарып, жақсы жетістіктерге жету жолында аянбай еңбек етуде. Қазіргі таңда сот қызметі тез, ашық, қолжетімді болып, қарапайым халық игілігіне пайдалану барысында сот жүктемесін оңтайландыру, дауларды соттан тыс реттеуді жетілдіруге бағытталған жобаларды жүйелі жүзеге асыру барысында да атсалысып келеді.

-Әлемді жайлаған пандемия қай салаға болмасын әсерін тигізбей қоймады. Онлайн форматқа көшіп, өзге салалар жұмысы тығырыққа тіреліп, біршама ақсап қалды. Жалпы, аудан халқы сот істерінің қашықтан қаралуын қалай қабылдады?

-Дұрыс айтасыз. Бүкіл әлемге үлкен қауіп төндірген пандемия кезінде ел басына қиын жағдай туындап, жұмыс кестемізге сәйкес онлайн форматқа көштік. Ел халқының 41 пайызы ауылдық елді мекендерде өмір сүретінін айтсақ, қарапайым халықтың басына туындаған мәселелерді шешу жергілікті соттардың еншісінде. Сол уақыттарда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сот төрелігін қашықтықтан атқаруға көштік. Сот отырыстарын қашықтықтан басқару үшін сот саласы «Е-СОТ» жобасы аясында пандемиядан бұрында қолданылуға мүмкіндік беріліп, «TrueConf» мобильді қосымшалары көмегімен жекелеген істерді онлайн режимінде қарап келген болатынбыз. Пандемия кезінде сот қызметкерлері жаңа өзгеріске жылдам бейімделіп, заманауи технологиялардың көмегімен өндірістегі істердің барлығы онлайн режимінде қаралып, азаматтарды қатерлі індеттен сақтандыру амалдары жасалды. Бұл қадамды барлық тараптар түсіністікпен қабылдап, дерттен сақтанудың бірден бір жолы екенін, сонымен бірге сотқа келу кету уақыттарының үнемделетінін түсіне білді деп ойлаймын. Әрине қоғам болған соң адамдардың өмір сүру, даму қалыптары да әртүрлі болады. Оның ішінде жаңа технология жетістіктерінен хабары жоқ бейімделмеген адамдар үшін онлайн сотқа қатысу қиындықтары да туындамай қойған жоқ, сонымен қатар байланыс нашарлығын алға тартып сот процесін қиындатқан жағдайлар да болып отырды. Уақыт өте келе азаматтар тарапынан сот отырысының онлайн форматта өтуіне қолдау көрсететіні белгілі болып отыр.

-Халқы қарапайымдылықты жаны сүйетін елде заңның сақталуы қалай? Қандай істер көп қаралады?

-«Президентіміз Қ.К.Тоқаев өзінің қыркүйек айындағы жолдауында сот саласына, құққық, заң саласына қатысты біраз нұсқау бағдар берді. Заң үстемдігінің салтанат құрып, сот төрелігінің әділ жүруі қажеттілігін баса айтты. Сот саласының мінсіз, тыңғылықты жүзеге асуы үшін судьялар біліктілігін көтеру мәселесін, оларды қайта іріктеп, жаңарту жағдайын ерекше тапсырды. «Қазылар жоғарғы білікті, адал сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғарғы тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек»,- деп атап көрсетті.

Сонымен қатар, сот төрағасы лауазымы судья лауазымына өзгеретінін, сот төрағасы және сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтынын, жоғарғы сот судьяларын да сайлау арқылы таңдау тәсілі енгізген жөн екенін, ол үшін Президент үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсына отырып, салаға мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдай жасау қажет-деді Президент Жолдауында.

Әрбір жүзеге асатын жаңашылдық, өзгерістер көпшілікке ұсынылып, түсіндірме жүргізілген соң жүзеге асатыны белгілі екенін атап айтсақ оның халыққа беретін нәтижесін барынша жеткізу міндет. Осыған орай қажет болған жағдайда белгілі бір қылмыстарға, әкімшілік құқық бұзушылықтарға жауапкершіліктің қатаңдатылғаны жайында ақпараттандыру іс-шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Тұрғындармен жиі қабылдаулар жасап, кездесулер ұйымдастыру , елдегі қауіпсіздікті сақтау мен қылмыстың алдын алу, өзара байланысты нығайтып, сенімділікті арттырады.

Сотта қандай іс көп қаралады деген сауалға тоқталсақ, үстіміздегі жылы қылмыстық істерді қарау барысында есірткі затын сату, қолдану бойынша істер көбірек орын алса, әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарау барысында азаматтардың мас күйлерінде көлік басқарулары жөніндегі шағымдар қаралып, тиісті шаралар қолданылды. Бұл құқық бұзушылық үшін жазаның өткен жылдарға қарағанда күшейтілуіне де қарамастан ішімдік ішіп автокөлік басқаратындар азаймай отыр. Мысалы ҚР ӘҚБтК нің 608-бабы 1-бөлігімен 2021 жылы аудандық сотында барлығы 62 құқық бузушы көлік басқару құқығынан айырылса , 2022 жылы 10 айында 63 азаматқа дәл осындай жауапкершілік тағайындалған.

Сонымен қатар қаралатын азаматтық істердің басым көпшілігін неке бұзу мен келісімшарт қатынастарынан туындайтын даулар құрайды. Неке бұзу туралы отбасылық даулардың көбісі жас отбасыларға тиесілі. Отбасындағы дауға көбіне ер азаматтардың жұмыс жасамауы, ішімдікке әуестігі, мінездерінің үйлеспеуі себеп болып, соңында азаматшалар сотқа арыз жазуға мәжбүр екендерін көрсетіп отырса, іс қарау барысында аудандық сот судьялары тараптарды татуластыруға мүмкіндіктер ұсына отырып, бейбіт шешімге келтіріп, табыстырып отырады.

-Жұмыстың алға басуы ұжымның бірлігіне, әр қызметкердің біліміне тікелей байланысты. Судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдауға, мамандардың жұмысын жандандыруға қаншалықты көңіл бөлінеді?

– Ұжым үшін ауызбіршілік, татулық, бірлік, адамгершілік ең басты мәселе. Бұл орайда Қармақшы аудандық соты ұжымының татулығын, ауызбіршілігін, кәсібилігін атап айтып кетпеске болмайды. Сотта жұмыс жасайтын қызметкерлердің ішінде көп жылдық өтілі бар, тәжірибесі мол, білікті, кәсіби мамандар бар. Жас маманның ортаға үйренуіне, жұмысты игеруіне көмек ретінде бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан қызметерлерден тәлімгер бекітілуі, жақсы маман болып қалыптасуына көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Судьялардың, сот қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында облыстық сотының оқу орталығында ұдайы семинарлар, тренингтер, дөңгелеу үстелдер өткізіліп отырады. Сот қызметкерлері кезең – кезеңімен біліктілігін арттыру курстарынан, тығылымдамалардан өтеді. Аудандық сотында ардагерлермен басқосулар ұйымдастырылып, қызметкерлердің алған тәжірибелерін шыңдауға құлшыныстары зор.

-Бұрынғы уақыттардан бері даулы соттар жүйесінде ақсақалдардың араласып, шешімі құпталған кезі бізге белгілі. Жалпы, аудан халқының ақсақалдар сөзіне көзқарасы қалай, көпшілік бітімге келуге бейім бе?

-Еліміздің тәуелсіздікке ие болу бақытын көрумен бірге, «Қазақтың Ата заңы» деп кеудемізді керіп, мақтана алатын заманға жетіп, куә болып отырған біздер шексіз бақытты ұрпақпыз! Соңғы жылдары қазақ билерінің дау шешудегі татулық пен бірлік, кешірімшілдік халқымыздың өмір сүру салтына дендеп «Билер» кеңесі құрылғаны белгілі. Құрамына білімді, сөздері өтімді, көпке сыйлы ауыл,аудан азаматтарының ішінен қара қылды қақ жаратын ақсақалдарды сайланған. Билер туындаған дауды мейлінше келісіммен екі жаққа да тиімді екенін жете түсіндіруге атсалысады.

– Халықпен жиі кездесіп, үнемі қоғамдық қабылдаулар өткізу қаншалықты жолға қойылған. Осындай кездесулерде азаматтар қандай мәселеге көп шағымданады, жұртшылық тарапынан ұсыныс, пікірлер түсе ме?

-Халықпен кездесу, азаматтарды қабылдау секілді шаралар құқықтық көмек көрсету, сот жүйесіне сенім деңгейін көтеру, қолжетімділікті арттыру, сондай-ақ сала жұмысындағы жанашылдықтарды жеткізу мақсатын көздейді. Сот шешімімен келіспейтін немесе шығарылған шешімді әділ емес деп санайтын жағдайлардың болатыны жасырын емес. Осындай мәселелермен келген азаматтарға сот актісіне келіспеушіліктерін заңмен белгіленген тәртіп бойынша шағымдану арқылы білдіру керектігін барынша түсіндіруге тырысамыз.

– Әкімшілік әділеттің бүгінгі жағдайына тоқталсаңыз, жария-құқықтық дауларда азаматтар өз мүддесін қорғай алып жүр ме?

-Сот саласындағы әрбір бастама, реформаның артында азаматтар құқығын жан-жақты және тиімді қорғау, әділ төрелікті қамтамасыз ету міндеті тұрады. Әкімшілік әділеттің міндеті – қарапайым азаматтардың бизнес өкілдерінің құқықтарын тиімді қорғау, әкімшілік органдардың қызметін тәртіпке салу. Ол үшін әкімшілік рәсімдік – процестік кодекс қолданысқа еңгізіліп, қазіргі таңда кодекстің жұмыс істей бастағанына бір жылдан асты. ӘРПК– ге сәйкес әкімшілік соттардың соттылығына жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар жатқызылған. Мұндай дауларға әкімшілк органдар, ол тек мемлекеттік орган емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдайтын, билік жүргізетін басқа да органдар арасындағы, билік және бағыныш қатынасында болатын тараптар арасындағы даулар жатады. Билік – бағыныс қатынасындағы әлсіз тарап жеке және заңды тұлғалар. Әкімшілік әділеттің мәні – тараптардың арасындағы теңсіздікті жою. Сондықтан, ӘРПК шеңберінде мемлекеттік орган жеке және заңды тұлғаларға қарсы талап қоя алмайды.

Заңдағы әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Жаңа заңнама жария құқықтық дауларда азамттардың өз мүдделерін мемлекеттік органдармен тең дәреже де қорғай алуына барлық мүмкіндікті қарастырып отыр.

Қармақшы аудандық сотында жыл басынан бері жария-құқықтық даулардан туындағын 2 әкімшілік іс қаралса, соның бірі тараптардың дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасумен аяқталса, 1 әкімшілік іс бойынша шешім қабылданды. Дауларды шешудің тиімді құралына айналған татуластыру рәсімдері дау тараптарына дауды келісім арқылы реттеуге мүмкіндік береді.

-Соңғы уақыттарда сот саласына айрықша назар аударылуда. Тапсырма, міндеттерге байланысты ойыңызды білсек?

-Мемлекет басшысы өз Жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажеттігін, осыған орай қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, тек тыңдаушыларды сот корпусына тарту керектігін атап айтты. Президентіміздің қойып отырған міндеттерін толықтай қолдаймын.

-Сіздің ойыңызша, сот корпусына мықты мамандарды тарту үшін не істеу керек?

-Расымен де сот саласына мықты мамандарды тарту үшін, ынталандырулар мен жағдайлар жасалуы қажет. Лайықты еңбек ақы төлеп, талапқа сай материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету керек. Мемлекет басшысының мұндай ұсынысы сот жүйесінің жаңаша бағытта қалыптасуына, әділдік жолының жаңғыруына ықпал етері анық.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Зибаш ӘЛИ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС ҚИМЫЛ

Ежелгі заманнан бері билік пен жемқорлық бір-бірінен ажыраған емес. Тарихта мемлекет эволюциясымен қатар сыбайлас жемқорлық қатар дамыды. Мемлекеттілік қалыптаса бастаған кезде діни қызметкерге, басшыға немесе әскери қолбасшыға олардың көмегіне жеке өтініш жасағаны үшін төлеу жалпыға бірдей норма ретінде қарастырылса, кейінірек мемлекеттік аппараттың күрделенуімен кәсіби шенеуніктер ресми түрде пара алатын болды. Бұл ең ежелгі деректердің бірі.

Әлем өзгерді, сыбайлас жемқорлықтың ауқымы да өзгерді. Жаһандану және әлемдік экономиканың қалыптасуы сыбайлас жемқорлықтың халықаралық деңгейге шығуына және қазіргі заманның ең жаппай және қауіпті құбылыстарының біріне айналуына мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамның барлық саласына еніп бара жатқан, оған батыл тосқауыл қойып, зардаптарын жою және мүдделерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Осындай келеңсіз құбылыстармен үздіксіз күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың ғана емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы деп ұғынған жөн.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес.

Соттағы биліктің беделін арттырып, оң бейнесін қалыптастыру бағытында өзге де құқық қорғау органдарымен және мемлекеттік мекемелерімен бірігіп жұмыс атқарылуда. Сот әділдігінің жүзеге асуына қатысты халықтың көкейтесті мәселелерінің шешімін табу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен тұрақты түрде дөңгелек үстелдер, семинарлар, мақалалар жазылып ұйымдастырылып келеді.

Сондай-ақ «Төрелік» ақпараттық бағдарламасы бойынша автоматты түрде бөлінетіні, сот ғимаратына кіру қатаң түрде бекітілген ережеге сай жүргізілетіні, судьялар сот отырысынан тыс азаматтарды қабылдамайтыны, келген тұрғындардың арнайы тіркеліп, төрағаның белгіленген кестеге сәйкес қабылдауы аталмыш бағыттағы шаралардың көрінісі болып табылады.

Аталған Заңның 1-бабының 6-тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Бұл қылмыстар үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде және Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде көзделген.

Қазақстан Республикасының ҚК-нің 366-бабына сәйкес, пара алғанда және Қазақстан Республикасының ҚК-нің 367-бабына сәйкес, пара бергенде қылмыстық жауапкершілік көзделген. Сыбайлас жемқорлықты тек пара алушыларды жою арқылы жеңуге болмайды. Ол үшін пара беруге ниетті жандардың да санасына саңылау түсіріп, жегі құрттың етек жаюына өзінің де ықпал етіп отырғанын жан-жақты түсіндірген маңызды.

Алайда пара алу мен пара берудің қылмыстық жауапкершілігі тең деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган болып табылады. Сонымен бірге, барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз ұлттық экономиканың ашықтығына, келісім-шарттарға қол сұғылмайтынына, зияткерлік меншік құқығы сақталатынына және жемқорлықпен аяусыз күрес жалғаса беретініне кепілдік береміз», - деді. Себебі, сыбайлас жемқорлық қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек, сондай-ақ, заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек», – деді.

Мәселен, Қызылорда қаласының №2 сотында 2021 жылдың 12 айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты 21 қылмыстық іс түсіп, қаралды.

Сот өндірісіне айыптау үкімі қабылданғаны - 23 іс, айыптау үкімдерімен 29 адам сотты болған, оның 12 адам бас бостандығынан айыру жазасы, 10 адам айыппұл жазасы, 6 адам бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

2022 жылдың I тоқсанында сыбайлас жемқорлыққа байланысты 4 іс өндірістен аяқталған, 6 адамға айыптау үкімі шыққан. Оның 2-і айыппұл жазасы, 4-і бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Құлқынның қамын ойлағандардың теріс әрекеті кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе, ымырасыз күрескеніміз дұрыс.

Қ.МЫХАНОВ,
Қармақшы аудандық сотының төрағасы

14 ҚАРАША - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАНТ ДИАБЕТІМЕН КҮРЕС КҮНІ

Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күні жыл сайын канадалық дәрігер және физиолог Фредерик Бантингтің туған күнінде аталып өтеді, ол ол 1922 жылы дәрігер Чарльз Бестпен бірге қант диабетімен ауыратын адамдардың өмірін сақтайтын инсулин препаратын жасады.

Қазақстанда қант диабетін емдеу тегін. Қант диабеті әлеуметтік маңызды ауруларға жатады, яғни мемлекет есебінен қаржыландырылады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов түсіндіріп өткендей, егер учаскелік дәрігер / терапевт динамикалық бақылауға жататын осы созылмалы ауруды анықтаса, барлық азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (ТМККК) бірқатар медициналық қызметтер қолжетімді. Бұл бейінді дәрігерлердің кенесі, диагностикалық тексерулер, күндізгі және тәулік бойы стационарларда емдеу, паллиативтік көмек (ауыр сырқаттармен ауратын науқастарға демеуші терапия) және басқа да медициналық қызметтер.

Сондай-ақ, ТМККК шеңберінде, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің № 75 бұйрығына сәйкес, қант диабетімен ауыратын науқастарға 23 дәрі-дәрмек және 7 медициналық мақсаттағы бұйым, оның ішінде шприц - қаламға арналған инелер, бір реттік инсулиндік шприцтері, несептегі кетондік денелерді анықтауға арналған тест-жолақтары, қандағы глюкозаны анықтауға арналған тест-жолақтары, инсулин помпалары, инсулиндік помпаларға арналған инфузиялық жинақ, инсулиндік помпаларға арналған резервуар тегін беріледі. Барлығы әртүрлі мөлшерде және көлемде.

Басқаша айтқанда, шұғыл араласуды және байыпты мемлекеттік реттеуді талап ететін барлық нәрсе ТМККК есебінен, ал тегін қызметтердің кепілдік берілген көлемінен тыс қосымша қызметтер – МӘМС есебінен қамтамасыз етіледі.

Көпшілігінде қант диабеті скрининг кезінде анықталады. Осыған байланысты дәрігерлер оны назардан тыс қалдырмауға кеңес береді. Шынында да, кез-келген сырқаттың диагнозы ертерек анықталса, емдеу соғұрлым сәтті болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

СОТ ЖҮЙЕСІ: КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ

Демократиялық, зайырлы және құқықты мемлекеттердің бәрінде адам құқықтары мен бостандықтары талқыға түскен шақта тағдырының шешілер жері де, жаза атаулының кесілер жері де сот. Соттың әрбір шешімінің артында адам тағдыры тұр. Ғапыл дүниеде адам мен оның өмірінен қымбат құндылық жоқ. Біздің Ата заңымызда да дәл осылай жазылған. Сондықтан сот төрелігін жүргізетін судьялардың, бабалар тілімен айтсақ, бүгінгі билерінің мәртебесі арнайы заңмен айқындалды. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдардан бергі сот жүйесінің кешегі жаңғыруы мен бүгінгі дамуы көз алдымызда және ертеңгі күнге деген мақсаты айқын, сенімі кәміл.

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі тұрады. Баршамызға белгілі – сот мемлекетпен бірге пайда болды. Өткенге көз жүгірсек, 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Егеменді елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді.

Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот-құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалары біріктіріліп, әскери алқасы таратылды, мұның өзі іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай, сот ісін жүргізуді белгілі бір ізге түсіруге мүмкіндік берді.

Судьялардың тек сот төрелігін жүзеге асыруын, сотқа тән емес қызметтермен соттардың айналыспауын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылып, соттардың қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету функциялары Әділет министрлігінен алынып, осы Комитетке берілді. Комитет пен облыстардағы соттар әкімшілері ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық функцияларды орындай отырып, жергілікті соттардың жергілікті атқарушы билік органдарынан тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

2002 жылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды. Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық (кәмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандарттарға жақындата отырып қарастыру көзделді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, Президенттің Жарлықтарымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Жалпы алғанда, соттарды мамандандыру азаматтардың құқықтарын қорғау шегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

2006 жылғы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қабылданып, аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуы қарастырылды. Сонымен қатар, азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу мақсатында 2004 жылғы 28 желтоқсанда «Аралық соттар туралы» және «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» заңдар қабылданды. Бұл заңдар дауларды соттан тыс шешу тәртібін қарастырады.

2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер енгізудің нәтижесінде Қазақстанның сот жүйесі азаматтардың құқықтарын қорғаудың қуатты тетігіне, соның ішінде қамауға алуға соттың санкция беру құқығына ие болды. Сот жүйесінің жұмысын және сот төрелігін іске асыруды реттейтін жаңа заңдар топтамасы қабылданды. «Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізіліп, қамауға алуды санкциялауды соттың ерекше құзырына беру қарастырылды.

2008 жылғы 17 қарашада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі республиканың сот жүйесі үшін маңызды оқиға болды. Осы заң сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесінің негізін қалады. Сонымен қатар, 2009 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесі іске қосылды. Осы заңға сәйкес, аудандық сот – бірінші сатыдағы сот, облыстық сот – апелляциялық сатыдағы сот, Жоғарғы Сот – тек қадағалау сатысының соты ретінде жұмыс жасай бастады. Өзге де бірқатар оң өзгерістер жасалды. Міне, осылайша, жаңа тұрпатты сот жүйесін құру жөніндегі міндет бүгінгі таңда өз шешімін тауып, сот органдары елімізде заңдылық пен тәртіпті нығайту бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асты.

Одан кейінгі жылдары Ұлт жоспарының 12 қадамы бірдей (16-27-қадамдар) сот институтына арналуының өзі бұл салаға айрықша көңіл бөлінгенінің нақты дәлелі болса керек. Еліміздегі бүкіл сот жүйесі осы Ұлт жоспарына сәйкес сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бес сатылы жүйеден оңтайлы үш сатылы жүйеге көшу, судья лауазымына біліктілік талаптарын күшейтуді, барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрге енгізу, алқа билер сотында қолданылатын салаларды кеңейту, сотта қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін инвестициялық алқа ұйымдастыру бағытында нақты қадамдар жасап, халықтың сотқа деген сенімін күшейтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 23 қазанда Қазақстан Республикасының судьяларының VIII съезіне қатысып, еліміздегі сот жүйесінің дамуы және судьялардың мәртебесі туралы ойларымен бөлісті. Президент атап өткен мәселенің түйінін тарқататын болсақ, соттың әділ және тазалық принциптеріне берік болуы үшін қоғам мен мемлекет бірлесе күш жұмсауы қажет. Президент Съезде жасаған баяндамасында судьялардың кәсіби деңгейі мен сот ісінің сапасына тоқтала келіп, бірқатар басымдықтарды алға қойды.

Сонымен қоса, Мемлекет басшысы судья болуға үміткерлерге талаптарды халықаралық тәжірибеге сәйкес күшейту; кандидаттарды іріктеудің жаңа жолдарын қарастыру; сот үрдісіндегі қағазбастылықты шектеп, барынша оңтайландыру және халыққа ыңғайлы қылу; түрлі дау-дамайларды шешуде бітімгершілік тетіктерін қосуды тапсырды.

Президенттің Кеңесте берген тапсырмасынан кейін сот реформасын заңнама тұрғысынан қамтамасыз ету үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің арнайы отырысы өтті. Жиында сот жүйелері мен судьяларының мәртебесіне қатысты бірқатар заң жобалары мақұлданды. Атап айтқанда, сот жүйесі мен судьяларының мәртебесіне қатысты Конституциялық заңға түзетулер енгізілді. Онда Жоғарғы соттағы әкімшілік істер жөніндегі сот алқасын құру және қазіргі мамандандырылған сот алқасын тарату көзделген. Сот жүйесін жаңғырту туралы заң жобасында инвесторлар қатысатын дауларды қарау сатылығы қайта қарастырылды. Сонымен қоса, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекске бірқатар өзгерістер енгізіліп, оны «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес келтіруге бағытталды.

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж.Қ.Асанов еліміздегі сот жүйесі қызметкерлеріне мейлінше ашық, анық үндеу жариялап, барша қазақстандықтардың, бизнес өкілдері мен инвесторлардың және бүкіл әлемдік қауымдастықтың сотқа деген сенімін жоғарылату міндетін алға қойды.

Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайту бағытында да өзіндік үлес қосып келеді. Сот судьялары мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы жанкешті еңбектің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды. Бүгінгі күні сот жүйесінің ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Төрелік», «Дыбыс-бейнежазба», «Сот кабинеті» сынды бағдарламалар енгізілгендігін атап өтуге болады. Осы қолданылып жүрген сот процестерінің аудио және бейне тіркеуінің жетілдірілген жүйесі шын мәнісінде, сот төрелігі ашықтығымен қамтамасыз етудің ғаламат құралына айналды. Көп жағдайда бұл қолданысқа енген жайттар – сот процесінің әрбір қатысушысы қазір «Сот кабинетіне» кіріп, процестің бейне және аудио жазбаларымен таныса алады. Сонымен қатар бұл жүйе процессуалдық нормалар мен сот этикасын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету бағытында процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуға, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуға мүмкіндіктер жасалған. Яғни сотқа түскен барлық істер бойынша, істің сотқа түскені, қарауға тағайындалғаны, қаралған күні басқа да іске қатысты мәліметтер тараптарға СМС хабарламалар арқылы жолданады.

Сотта жариялылықты шектеуге жол берілмейді және барлық мүдделі адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысы залына еркін кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет. «Сот кабинетіне» тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Данышпан Абай: «Ұят деген — адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттан, адамшылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек». Себебі бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз һәм парызымыз десек те артық айтқандық емес.

А.МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖИІ ҚОЯТЫН СҰРАҚТАРЫ

Медициналық сақтандырудың жоқтығынан жүкті әйелді есепке алудан бас тартылуы мүмкін бе; егер ЖК-сі бар болса, «декреттегі әйел» МӘМС жарнасын төлеуі тиіс пе; МӘМС шеңберінде жүктілікке байланысты УДЗ тиесілі ме? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы Қызылорда қаласының №6 қалалық емханасының акушерлік-гинекологиялық бөлімшесінің меңгерушісі Индира Ермахановамен бірлесіп, болашақ аналар жиі кездесетін жағдайлар бойынша түсініктеме дайындады.

1-жағдай: «Мені жүктілік бойынша есепке қоюдан бас тартылады, себебі мен сақтандырылмағанмын. Менің 12 айға ақы төлеуге мүмкіндігім жоқ, не істеуім керек?»

Жүктілік бойынша есепке тұру үшін әйелдің келесі мамандарға жүгінуге мүмкіндігі бар:

1) акушер-гинеколог – оның консультациясы МӘМС шеңберінде жүргізіледі, сондықтан қабылдауға жазылу үшін сақтандырылған болу қажет;

2) жалпы тәжіриелік дәрігері және акушер – олардың қабылдауы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүргізіледі, адамның сақтандырылған мәртебесі қажет емес. Яғни сақтандырылмаған жүкті әйелді емхананың учаскесінде қабылдауға және жүктілік бойынша есепке қоюға болады. Содан кейін үш күн ішінде әйел жеңілдікті санаттың өкілі – «Жұмыс істемейтін жүкті әйел» ретінде сақтандырылған мәртебесін алады. Ал ол жұмыссыз болса, мемлекет ол үшін жарна төлейді. Бұл оған МӘМС тізбесіне кіретін қажетті тексерулерден, скринингтерден және т. б. өтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеушілер үшін түсініктеме бергім келеді. Оны өздері үшін жұмыс істейтін адамдар төлейтіндіктен, БЖТ төлейтін әйел бұдан былай «жұмыс істемейтін» болып саналмайды және жеңілдік санатынан шығарылады.

2-жағдай: «Мен жүктімін, есепте тұрмын. Жеңілдік санатына кіретін адам ретінде сақтандырылғанмын. Бірақ декреттік төлемдерді алу үшін БЖТ төледім, қазір жүйедегі мәртебем «САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН». Неліктен бұл орын алды және мәртебені қайтадан алу үшін не істеу керек?»

МӘМС жүйесінде жеңілдік санаты «Жұмыс істемейтін жүкті әйел» деп аталады. Олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Бұл санатқа ресми түрде жұмыс істемейтін және соңғы 2 айда зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар түспеген әйел кіре алады. Егер әйел ресми түрде жұмыс істесе, онда декреттік демалысқа шыққаннан кейін жұмыс беруші ол үшін жарналар мен аударымдарды төлеуді тоқтатады. Және ол «Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыстағы адамдар» жеңілдікті санатына енгізіледі. Бұдан әрі ол мемлекет есебінен сақтандырылған болып табылады.

БЖТ-ға келетін болсақ, салық заңнамасы бойынша оны ресми жұмысқа орналаспаған, тіркелген ЖК-сі жоқ, бірақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындар төлейді. Бірыңғай жиынтық төлем бірнеше төлемдерді қамтиды: БЖТ-ның 10% жеке табыс салығын, 20% Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, 30% Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, 40 % Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды құрайды. БЖТ-ны қандай да бір табыс алатын азаматтар төлейді. Яғни, егер жүкті әйел БЖТ төлесе, онда ол ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ деп саналады.

Жеңілдік санатына қайта оралу үшін екі ай бойы БЖТ төлемеу керек. Содан кейін ғана жүкті әйел жұмыссыз ретінде сақтандырылған мәртебесін алады. Мысалы, егер БЖТ наурыз айында төленген болса, жеңілдік мәртебесін алу үшін сәуір және мамыр айларына төлемдер болмауы тиіс. Жеңілдік мәртебесі маусым айында беріледі. Бала туылғаннан кейін жұмыс істемейтін әйел басқа жеңілдік санатына енеді- үш жасқа дейінгі балаларға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар. Екінші нұсқа бар. БЖТ төлемін ай сайын жалғастыруға болады, сонда әйел жеңілдікті санатқа енбейді, бірақ өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде сақтандырылған мәртебесін алады.

3-жағдай: «Менде жұмыс істемейтін ЖК бар, бірақ ресми түрде қызметі тоқтатылған жоқ. Маған ЖК ретінде ары қарай жарна төлеу керек пе?»

Жоғарыда айтылғандай, жүкті әйелдің шынымен жұмыс істемейтінін және жеңілдік мәртебесіне ие бола алатындығын растау үшін соңғы екі айда ол үшін зейнетақы жарналары мен әлеуметтік жарналар түспеуі керек. Егер ЖК қызметі салық органдарында ресми түрде тоқтатылмаған болса, онда сіз қолданыстағы ЖК ретінде жарналарды төлеуді жалғастыруыңыз қажет (өйткені сіз есептілікті, тіпті «нөлдік» төлемді тапсырасыз және заң бойынша қажетті төлемдерді жүргізесіз). Жұмыс істемейтін жүкті әйел ретінде жеңілдікті санат бойынша сақтандырылу үшін ЖК-нің салық органдарындағы қызметін ресми түрде тоқтата тұру қажет. Онда сіз үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін болады.

4-жағдай: «Маған скринингтен және басқа перинаталды тексерулерден өту керек. Бірақ емханада маған жолдама берілмейді, өйткені мен сақтандырылмағанмын. Бұрын жұмыс істедім және жарналарды төледім, бірақ содан кейін жұмыстан шығып, МӘМС төлемін жасамадым. Бірақ жұмыс істемейтін жүкті әйелдер жеңілдік санатына кіреді емес пе. Неліктен мені МӘМС-ті пайдалану құқығынан айырады?»

Сіз дұрыс айтасыз, жұмыс істемейтін жүкті әйел жеңілдік мәртебесіне ие бола алады. Сақтандырылған мәртебесін алу үшін оны жүктілік бойынша есепке қою керек. Әдетте жүктілік бойынша есепке акушер-гинеколог қояды. Оны қабылдау МӘМС тізбесіне кіреді, яғни тек сақтандырылған әйелдерге ғана қолжетімді. Алайда, егер әйел сақтандырылмаған болса, оны жалпы практика дәрігері немесе акушер қабылдап, жүктілік бойынша есепке қоя алады. Бұл дәрігердің қабылдауы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіреді. 3 күн ішінде әйел жеңілдікті санат ретінде сақтандырылған мәртебесін алады. Осыдан кейін ол МӘМС тізіміне кіретін барлық тексерулерге жолдама ала алады, – деп сарапшы түсіндірді.

5-жағдай: «Жеке клиникада жүкті әйелдерге ультрадыбыстық тексеруден өтуді, ақылы сараптама жасауды ұсынады. Егер мен жүктілік бойынша есепте болсам, мұны өз емханамда тегін өте аламын ба?»

Иә, қажетті тексерулер ТМККК және МӘМС шеңберінде қарастырылған, сондықтан оларды өз емханаңыздан өтуге болады. Әйел жүктілік бойынша есепке тұрады, содан кейін акушер-гинеколог онымен жүктілік кезең бойына жұмыс жүргізеді. Алдымен өмір тарихы жиналады, пациент пен оның серіктесінің медициналық деректері зерттеледі. Жүкті әйелдің жеке картасы жасалады, оған айырбастау картасы беріледі. Міндетті тексеру тағайындалады, оған зертханалық талдаулар, хромосомалық патология және құрсақішілік ұрықтың туа біткен даму ақаулары бойынша тәуекел тобын анықтау үшін пренаталдық скрининг, ЭКГ, қажет болған жағдайда ЭхоЭКГ, бүйректің УДЗ, көрсетілімдер бойынша стоматолог пен отоларингологтың консультациясы кіреді.

Жүктілік кезінде үш реттік ультрадыбыстық скрининг тағайындалғанын атап өткім келеді, ол мына мерзімде жүргізіледі:

1) 11 аптадан 13 апта 6 күнге дейін;
2) 19 аптадан 21 аптаға дейін;
3) 30 аптадан 32 аптаға дейін.

Яғни, сіз бұл тексерулер үшін жеке төлем жасамауға, өз емханаңыздан өтуге құқығыңыз бар, – деді Екатерина Чалиловна.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Науқасқа кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол науқастың жағдайын, шағымдарын, аурудың белгілерін зерттейді. Тиісті көрсетілімдер болған кезде дәрігер КТ, МРТ немесе басқа да зерттеулер жүргізуге жолдама жазады. Қызметті жоспарлы түрде алу үшін пациент «Сақтандырылған» мәртебесіне ие болуы тиіс, өйткені емхана деңгейінде бұл қызметтер МӘМС шеңберінде көрсетіледі.

Егер КДҚ-ны көрсетуден бас тартылса…

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызмет көрсететін медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен тиісті шарт жасасады және пациенттерге осы қызметтерді ұсыну бойынша міндеттемені орындауға тиіс.

«Біз азаматтардан емхана көрсетілімдер болған кезде, оны өткізу мүмкіндігінің жоқтығына сілтеме жасай отырып, консультациялық-диагностикалық қызметке жіберуден бас тартады деген өтініштерді жиі аламыз. Алайда, мұндай жағдайда өнім беруші Қор дереккорында (сілтемесі - https://fms.kz/kz/useful-to-know/vybrat-kliniku/) тұратын медициналық ұйымдар қатарынан бірлесіп орындаушыны тартуға міндетті. Егер бірлесіп орындау шарты ешкіммен жасалмаса, онда пациентті осы қызмет түрі бойынша Қордың өнім берушілерінің біріне жіберуге тиіс, шарт бағыт бойынша қызмет көрсету қорытындылары бойынша автоматты түрде жасалады», – деп атап өтті ӘМСҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Алайда пациент емханаға бармай, КДҚ-ны ақылы негізде алу үшін тікелей жіберілетін басқа да жағдайлар бар.

«Кейде біз әлеуметтік желілерде науқасқа жолдама берілмегені және олар ақылы түрде қызмет алғаны, мысалы, КТ туралы шағымдарды көреміз. Мұндай жағдайларда науқастың құқығын қорғаушы ретінде Қор іске қосылады. Алайда, нәтижесінде науқас тіпті өз емханасына жүгінбеген, бірақ дереу басқа жерде ақылы тексеруден өтуге шешім қабылдаған болып шығады. Біз азаматтарды ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалануға шақырамыз. Егер мәселелер туындаса, Пациентті қолдау қызметіне хабарласыңыз және өз құқықтарыңызды қорғаңыз», – деп Бақыт Исмаханбетов атап өтті.

ӘМСҚ филиалының директоры атап өткендей, 2022 жылы аймақтың халқына медициналық көмекті қаржыландыруға 89,8 млрд. теңге бағытталды, оның ішінде ТМККК бойынша – 53,19 млрд. теңге, МӘМС бойынша – 36,61 млрд. мың теңге.

Бұл ретте консультациялық-диагностикалық қызметтерді қаржыландыру ұлғайды. Бұл мақсаттарға 13,2 млрд. теңге қарастырылған, оның ішінде МӘМС бойынша – 11,4 млрд. теңге.

2022 жылдың 9 айында аймақтың 8 медициналық ұйымы жалпы сомасы 168,2 млн теңгеге 14 588 КТ қызметін, 4 медициналық ұйым – 714,7 млн теңгеге 21 128 МРТ қызметін көрсетті.

ДАУЛАСАТЫН, СОТТАСАТЫН КЕЗ ЕМЕС

Тәуелсіздіктің отыз жылында сот жүйесінде жаңа реформалар үздіксіз жалғасты. Заман талабына сай заңдар жетілдіріліп, толықтырылды. Бүгінгі күні сот жүйесінің алдында азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіру, татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейту мәселесі тұр. Себебі, ел ішінде дау көп, дауды шешеміз деп сотқа жүгінген азаматтар да жеткілікті. Бұл ретте халық арасында туындайтын дау-жанжалдарды сотқа жеткізбей, одан тыс реттеу мәселесі аса маңызды.

Осы мақсатта, өткен жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданған болатын. Аталған жаңашылдықпен жаңа жылдан бастап жұмыс істеуді бастап та кеттік. Оның негізінде төмендегі 6 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар: Азаматтық процестік кодекс; Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс; «Медиация туралы» заң; «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң; «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң және «Нотариат туралы» заң.

Заңдағы негізгі өзгерістер

Жалпы, заңды екі негізгі бөлімге бөлуге болады. Бірінші бөлім – дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеуді дамытуға, екінші бөлім – азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған. Бірінші бөлім бойынша тоқталсақ, елімізде медиаторлар кәсіби және қоғамдық негізде жұмыс істейді. Тәжірибеге сәйкес, ірі қалалар кәсіби медиацияның орталығына айналуда, ал ауылдарда қоғамдық медиация дамуда. Негізінен кәсіби медиация онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар – бұзақылық, ұрлық, алаяқтық, озбырлық, жол қозғалысы ережелерін бұзу, абайсызда болған жағдайларда қолданылады. Айыпталушы мен жәбірленуші арасындағы екі тарапты да қанағаттандыратын медиативтік келісім азаматты әрі қарай құқық қорғау органдарына беруді тоқтатуға негіз. Осыған сәйкес заңдағы негізгі өзгерістер:

1. Заң уәкілетті органның құзыретін айқындады. Үкіметтің қаулысына сәйкес Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі медиация саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Министрлік тарапынан нақты ұйымдастыру шаралары қажет.

2. Медиаторлар ұйымдарының негізгі функциялары айқындалып, медиатордың құқықтары мен міндеттері нақтыланды.

3. Медиация тәртібі мен тәсілдері кеңейтілді. Енді, онлайн-медиативтік келісім жүргізуге болады. 4. Сот актісін орындау сатысында және әкімшілік сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін медиацияның ерекшеліктері айқындалды.

5. Жария-құқықтық даулар бойынша Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес медиативтік келісім жасау мүмкіндігі көзделген.

6. Заңға сәйкес енді алимент төлеу туралы келісімді – медиаторлар, адвокаттар, заң кеңесшілері толтыра алады. Бұған дейін тек нотариус жүзеге асырып келді. 7. Аудан әкімдері қоғамдық медиаторлардың тізілімін жүргізеді, олар жергілікті жерлерде осы институттың потенциалын толықканды қолдануы қажет.

«Үлгілі сот шешімі»

Екінші бөлім – азаматтық іс жүргізу заңнамасы бойынша. Біріншіден, «Үлгілі сот шешімі» институты енгізіледі. Жоғары тұрған сотқа тараптардың келісімімен көптеген ұқсас және біртектес істердің бірін талап ету, қабылдау, бірінші сатыдағы соттың ережелері бойынша қарау және ол бойынша үлгі болатын шешім шығару құқығы беріледі. Егер сот іс бойынша жағдайды басқаша деп санаса, басқа шешім қабылдайды. Үлгілі шешім тараптардың келісімімен ғана мүмкін болады. Бұл норма, әлемдік тәжірибеде – сот практикасының біркелкілігін орнатуға мүмкіндік береді. Ендігі жерде екі тараптың келісімімен экстерриториялық соттылықты таңдау құқығын береді. Ақпараттық жүйе істі бір соттың ішінде емес, мамандандыруды ескере отырып, автоматты түрде елдің сол уақытқа жүктемесі аз кез келген сотына қарауға жібереді, норма сыбайлас жемқорлық элементтерін де азайтады деп санаймыз. Өзгерістердің бірі – биылдан бастап Азаматтық процестік кодекстегі талап қою. Талап қою арызы деген ұғым бір ұғымға, бір сөзге – талап қою деп айшықталады. Талап қоюшы, жауапкер, сонымен қатар бұйрық өндірісі бойынша өндіріп алушы мен борышкер деген ұғым болатын, ал қазіргі таңда тек талап қоюшы мен жауапкер ұғымы ғана қалдырылды. Бұл да дұрыс шығар, себебі борышкер деп тұлғаның алдын ала статусын анықтаған негізсіз, мүмкін бұйрық шығарудан бас тартылатын шығар.

ТАТУЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР

Қоғамда әділдік сұрап, дауласып жатқан адам көп. Тұрмыстық, отбасылық, еңбек даулары бойынша көптеген адамдар сотқа жүгінеді. Бұны азайтудың бірден бір жолы – медиация институттарын дамыту.

Медиацияны көп жағдайда алаш жұртында орын алған ежелгі билер сотымен салыстырады. Оған себеп – медиация бітімгершілік пен ымыраластыққа бағытталған. Медиацияны қолдану даулардың тез әрі тиімді, оңтайлы шешілуіне, тараптардың материалдық шығынының азаюына, адамның моральдық түрде шаршамауына, тараптардың бір-біріне кешірім жасауына, адамгершілік қасиетін арттыруға зор ықпалын тигізеді.

Бұл тәсіл сот жүйесіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни, тараптарды қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын тараптың-медиатордың қатысуымен дау-жанжалды шешудің баламалы әрекеттерінің бірі. Ол еріктілік, құпиялылық, тараптардың тең құқылығы, бейтараптылық, процедураға араласуға жол бермеу принциптерімен негізделеді.

Әрине, істердің соттың құзырына жетпей, медиациялық жолмен шешілуі судьяларға тиімді екені рас. Сот жүктемесінің азаюы судьялардың уақытын үнемдеп, назарын неғұрлым күрделі істерге аударуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүктеменің төмендеуі қазылардың ізденуіне, жаңа заңдармен танысуына, қоғамдық мәселелерге үн қосуына жағдай туғызады.

Өркениетті елде заманның алға басуына байланысты халықтың мүддесі үшін қабылданған заңдардың маңыздылығы өте зор. Атап айтсақ, Азаматтық процестік кодекске егізілген өзгеріске сәйкес, судья талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Ал татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды.

Шақыруда тараптар татуласу рәсімі (бітімгершілік келісім, медиация, партисипативтік рәсім) шеңберінде дауды (жанжалды) шешу құқығын түсіндіре отырып, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабардар етіледі.

Бұл жерде, процессуалдық заңнамаға «сотқа дейінгі хаттама» түсінігі енгізілгенін атап өткен жөн. Судья дауды бітімгершілікпен аяқтау мақсатында тараптарды шақырып, оларға сотқа дейінгі хаттаманы толтыруды ұсынады. Бұл хаттамада екі тарап өздерінің сотқа ұсынатын дәлелдемелерін көрсете отырып, дауды қандай шарттарда бітімгершілікпен аяқтауға болатынын ұсынады. Соңынан екі тарап осы хаттамаға қол қояды, онда көрсетілген шарттармен келісетін болса іс бітімгершілікпен аяқталады. Тараптар сотқа дейінгі хаттамамен танысу үстінде екінші тараптың дәлелдемелерін зерделеп, оларды өзінде бар дәлелдемелермен салыстыра отырып баға беріп, іс сотта қаралған жағдайда даудың кімнің пайдасына шешілуі мүмкін екенін болжай алады.

Сондықтан, әр тарап өз мүмкіндіктерін болжай отырып, дауды бітімгершілікпен аяқтаудың тиімділігін түсінетін болады. Осы әрекеттерді жүргізу арқылы дау сот өндірісіне қабылданғанға дейін судья татуластыру рәсімдерін жүргізетін болады. Бұл әдістердің өмірге дендеп енуіне соттар жұмысының белсенділігі аса қажет екені белгілі. Қазіргі таңда тараптар медиация заңын сотта біліп, дауға осы заң шеңберінде нүкте қойылуына ыңғай танытуда.

Медиация туралы заң өзінің өміршеңдігі мен тиімділігін уақыт өткен сайын дәлелдеп келеді. Оны соңғы уақытта медиаторға жүгінушілердің артқанынан байқауға болады. Бұл билердің «Дау мұраты – бітім» ұстанымын бүгінгінің соттары жоғары деңгейде жалғастыруының жарқын көрінісі.

Жаңа заманда жүзеге асып жатқан медиация заңы біздің болмысымызға сәйкестендіріліп, азаматтардың мүдделерін аяққа таптамай, керісінше екі жақтың да ақ батасын алатындай дәрежеге жеткізді. Еліміздің Жоғарғы Соты бабалардың осындай бай мұрасын заманға сай жаңғыртуда өлшеусіз еңбек етуде. Оған мысал, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілген толықтырулар «Медиация туралы» заңның аясын кеңейтті. Егер бұрын, медиация заңы тек, жеке және заңды тұлғалар қатысатын қатынастарда қолданылса, жаңа норма арқылы медиация енді әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын дауларда да қолданылатын болады.

Сондай-ақ, медиация – азаматтық, еңбек, отбасылық даулардан, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстардан бөлек, алдағы уақытта әкімшілік құқықтық қатынастардан, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, және де Қылмыстық кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастарда да қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша соттарда қаралатын істер санаты ол отбасы-тұрмыстық қарым қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар. Олардың орасан зор үлесі құқық бұзушы мен жәбірленушінің татуласуы арқылы бітімгершілікпен аяқталатыны белгілі. Сондықтан, бұл санаттағы істерге де медиация заңының қолданылуын енгізу заңдылық. Енгізілген жаңашылдық бойынша, медиатор кәсіби немесе қоғамдық негізде медиация жүргізу үшін тараптарды тартатын тәуелсіз жеке тұлға. Кәсіпқой медиаторлардың медиацияны жүзеге асыру рәсімдері белгілі болса, қоғамдық медиаторлар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын тәртіпке сәйкес өмірлік тәжірибесі мол, абыройлы және мінсіз беделі бар тұрғындар арасынан жергілікті қоғамдастықтың жиналысы (жиыны) арқылы сайланады.

Ауылдық жерлерде медиацияны көбіне кәсіпқой емес медиаторлар жүзеге асыратыны, олардың жергілікті атқарушы органдар айқындайтын реестрлерге енгізілу тәртібінің мінсіз еместігі бұрыннан айтылып жүр. Ендігі жерде кәсіби емес медиаторлар түсінігі жойылып, оның орнына жергілікті қоғамдастықтың жиналысында сайланатын қоғамдық медиатор түсінігі енгізілді. Мұның барлығы қоғамдағы қарым-қатынастарда медиация заңын кеңінен қолдануға, медиаторлардың жұмысын жандандыруға, жүйелендіруге бағытталған үлкен жұмыстардың нәтижесі.

СОТ АШЫҚ ДИАЛОГҚА ДАЙЫН

Сот төрелігінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында күрделі әрі тың реформалар тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Оның ішінде, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, судьялар съездерінде берілген салмақты тапсырмалар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы сияқты әр жолдаудың орны бөлек.

Өздеріңізге белгілі, елімізде 2021 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заң қолданысқа енгізілді. Тарих қойнауына үңілсек, осыған дейін елімізде 8 рет рақымшылық жасалған екен. Аталған заңға сәйкес, қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан қылмыстық теріс қылық және онша ауыр емес қылмыс жасағандар, залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар, залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар босатылады. Ал негізгі жазадан теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, осы заң қолданысқа енгізілетін күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалған, ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталғандар босатылады. Сондай-ақ, 2-баптың 4-бөлігіне сай қосымша жазаны міндетті түрде тағайындау көзделетін, соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс туралы істер бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды сот негізгі жазадан босататындығы көрсетілген. Осы орайда, аталған заң құқық бұзушылықтар жасаған азаматтарға қатысты мемлекет тарапынан берілген үлкен мүмкіндік пен сенімнің көрінісі екенін атап өткен жөн.

Президент «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Адам құқын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды», – деді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы балалар құқын қорғаудағы шараларды күшейтуді, азаптаумен күрес жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіруді, адам саудасына қарсы күрес мәселесі күн тәртібінен түспейтінін айтып, құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жетілдіріп, осыған орай сот тәртібімен қатаң жаза қолданылуы қажет екенін қадап тапсырған еді. Иә, заң үстемдігі орнықпаса, азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, қай елдің де қарыштап қанат жаюы, алға жылжуы мүмкін емес екені белгілі. Одан бөлек, құнды құжатта қоғамның соттарға деген сенімін орнықтыру басымдығы басты мақсатқа айналуы керектігі айтылды. «Соттың абыройы — бүкіл мемлекеттің беделі екенін атап өтемін. Себебі, әрбір сот шешімінің арғы жағында адамның тағдыры бар. Сондықтан, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – демекші туралықтан танбай, әрбір дауды әділетті шешіп, нүктесін қою біздің жауапты міндетіміз» деген Президент ел сеніміне ие болудың негізгі қағидаларын тағы бір мәрте еске салды.

Соған орай, санаулы уақыттың ішінде әлеуметтік желі арқылы соттар мен қоғамның арасында ашық диалог орнады. Қоғам тарапынан қойылған сан сауалға тәуліктің кез келген мезгіліне қарамастан жедел жауап беру қолға алынды. Сонымен қатар, сот төрағалары карантин шектеулеріне байланысты онлайн ашық есік күнін өткізіп, азаматтарды қабылдауды тоқтатқан емес.

Қорыта айтқанда, еліміздің сот жүйесінің әлемдік рейтингтерде жақсы көрсеткіштерге ие болуынан бөлек, кез келген ел азаматының өз мәселесін сот арқылы әділ шешіп, қорғай алуы маңызды. Сонда ғана халық пен сот арасындағы алтын көпірдің берік болары анық.

«Ел тілегі» ақпарат

АЛҚА БИЛЕР ДЕ МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтарда қабылданған «Алқабилер туралы» заңына сәйкес алқаби дегеніміз – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған ҚР азаматы, ал алқабиге кандидат дегеніміз – ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кейіннен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізілген азамат.

Сотта алқаби ретінде қатысу үшін іріктелген адам «Алқабидің міндеттерін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерімді адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзімнің ішкі нанымым мен ар-ожданым бойынша шешуге салтанатты түрде ант етемін» деген мазмұндағы ант қабылдайды.

Алқаби – құрметті міндет бола тұрғанымен, кейбір азаматтар сотқа алқабидің міндеттерін атқару үшін шақыруларға салғырт қарап, сотқа келуден бас тартып, кейде тіпті сотқа дәлелсіз себептермен келмей жатады. Сот белгілі бір азаматты сотқа алқабиге кандидат ретінде шақыру үшін оған сотқа келу туралы хабарлама жолдайды. Бұл хабарлама сот отырысы басталғанша 7 тәулік бұрын алқаби кандидатқа пошта байланысы арқылы немесе сот қызметкері арқылы қолма-қол табыс етіледі. Алқабидің сотқа келуі туралы хабарламаны алған азамат міндетті түрде сотқа келуі шарт, ал сотқа келе алмайтын ерекше жағдайларда бұл туралы сотқа сот отырысы басталғанша алдын ала хабарлауға тиіс.

Сотқа алқабиге кандидат ретінде шақырылған кейбір азаматтар қылмыстық іс бойынша сотталып жатқан адамдардың кейбіреулері бұрын бірнеше рет қылмыс жасап, түрменің дәмін татқан адамдар болғандықтан, өзінің жеке басының және отбасының, атап айтқан да балаларының, қауіпсіздігі үшін қорқып, сотқа қатысудан бас тартады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Бұл тұрғыда ешқандай қорқудың қажеті жоқ, өйткені «Алқабилер туралы» заңға сәйкес алқаби, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Егер алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ алқабидің қауіпсіздігіне немесе оның мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталса, онда сот алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданады.

Алқаби өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға; процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға; заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға; төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға; сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

Төрағалық етуші судья сот отырысы барысында алқабилерге қойылатын шектеулерді сақтамаған алқабиді сот процесіне одан әрі қатысудан шеттетуі мүмкін. Бұл жағдайда шеттетілген алқабиге айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Алқабиге бюджет қаражаты есебінен іс бойынша төрағалық етуші судьяның лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленеді. Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары да республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі. Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Лауазымды адамның, яғни жұмыс берушінің азаматқа сотта алқаби міндеттерін атқаруға кедергі келтіруі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарына сәйкес ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«Ел Тілегі» газеті

Сотқа дейінгі хаттама

Азаматтық процестік кодекске сотқа дейінгі хаттама деген жаңа ұғым енгізілді. Бұл туралы толығырақ тоқталып кеткім келеді. Сотқа дейінгі хаттама еркін нысанда толтырылады. Хаттамада тараптар дерегі және даудың мәні қамтылады. Содан кейін талап қоюшы жауапкерге ашатын және ұсынатын дәлелдемелер туралы бағанды толтырады.

Өз кезегінде жауапкер де өзінің дәлелдері туралы бағанды толтырады. Тараптар дауды шешудің өзіндік нұсқасын ұсынады. Қалғаны медиатор, адвокат, татуластырушы судьяның жұмысы. Алдағы уақытта хаттама күнделікті жинақталған тәжірибелер негізінде толықтырылуы мүмкін. Тағы бір айта кетерлігі, сотқа дейінгі хаттамамен татуласу үшін ешқандай айыппұлдар мен әкімшілік жазалар қажет емес. Барлығы Азаматтық процестік кодекстің 73, 150, 174-баптарында анық жазылған. Бұдан былай тараптар өз құқықтарымен танысып, сотсыз да әрі қарай келісім жасау үшін адвокатқа не медиаторға жүгіне алады. Талап қоюшы талап қою арыздарын қайтару туралы өтінішпен тек сотқа жүгіне алады

МРТ ЖӘНЕ КТ КҮТУ УАҚЫТЫ ҚЫСҚАРДЫ

Қызылорда облысында 4 магнитті-резонансты томограф, 10 компьютерлік томограф бар. Олардың санының артуымен осы диагностикалық зерттеулерге кезек күту уақыты қысқарды, деп атап өтті медициналық ұйымдардың мамандары тілшілерге арналған баспасөз туры барысында. Ұйымдастырушы - Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы.

Қала тұрғыны Ақсәуле Әшірбаеваның жүрегіне ашық ота жасалды. №1 емханада тіркілген жері бойынша жарты жыл сайын күндізгі стационарда емделіп, міндетті тексеруден – жүректің УДЗ-ден өтеді.

«2018 жылдан бері жүрек ауруы бойынша есепте тұрамын, 2 топтағы мүгедек. Емдеу, дәрі-дәрмек, диагностикалық тексерулер – осының барлығын дер кезінде, тегін алып тұрамын. Алғаш рет кардиологқа жүгінгенімде ентігумен жүру қиын болды. Қазір әл - ауқат жақсарды», – дейді Ақсәуле Әшірбаева.

Облыс орталығынан ең шалғайдағы Арал ауданының тұрғыны Гүлжахан Назарованың басы қатты ауырып, бас айналуы мазалайды. Себебін анықтау үшін науқасқа МРТ зерттеуі тағайындалды. Жергілікті дәрігердің тиісті жолдамасымен Гүлжахан апа «INVIVO» клиникасына тегін тексеруге келді.

«Жақында МРТ сараптамасы тағайындалды. Қан қысымының жоғарылауы, оттегінің жетіспеушілігі, бас ауруы мазалайды. МРТ зерттеуінің нәтижесі бір күннен кейін белгілі болады. Менің денсаулығыма қауіп төнбейді деп үміттенемін», – дейді Гүлжахан Назарова.

МРТ сараптамасын күту уақыты қысқарды, дейді клиника мамандары. Бұрын апталап кезек күтуге тура келсе, кәзір 1-2 күн. МРТ диагностикалық тексеру құны 17 мың теңге. МӘМС аясында сақтандырылған азаматтарға – тегін.

«МРТ тексеруден өту үшін тіркелген емхананың емдеуші дәрігерінің жолдамасы қажет. «INVIVO» клиникасы мен емхана арасындағы келісім-шарт негізінде пациент бұл қызметті ӘМСҚ қаражаты есебінен тегін алады. Күн сайын аймақтың 40-қа дейін, жыл сайын 10 мыңға жуық тұрғынын қабылдаймыз. Негізінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қызмет көрсетеміз», - дейді «INVIVO ВДП» ЖШС өңірлік директоры Қуат Төлешев.

2022 жылдың 9 айында облыстың 8 медициналық ұйымы жалпы сомасы 168,2 млн теңгеге 14 588 КТ қызметін, 4 медициналық ұйым - 714,7 млн теңгеге 21 128 МРТ қызметін көрсетті, деп хабарлады Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова. Биыл консультациялық-диагностикалық қызметтерді қаржыландыруға 13,2 млрд. теңге қарастырылған, оның ішінде МӘМС бойынша – 11,4 млрд.теңге.

«Ел тілегі» ақпарат

МӘМС МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ТОБЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУДЕ

Байқоңыр қаласында, Қазалы және Арал аудандарында МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтар саны артты. Аталған елді мекендерде халықтың Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – ӘМСҚ) филиалының, облыстық денсаулық сақтау басқармаларының, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының, жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен кездесулері өтті.

Байқоңыр қаласында ҚР-ның 13 мыңға жуық азаматы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған. Көбіне бір жыл ішінде төлем жасамаған тұрғындар. Сондай-ақ, МӘМС жүйесінен тыс Ресей Федерациясының ұйымдарында жұмыс істеген және РФ заңнамасына сәйкес зейнетке шыққан 3 мыңға жуық зейнеткер бар. Тиісінше, аталған азаматтар жеңілдікті санатқа кірмейді және МӘМС жарналарын дербес төлеушілер ретінде төлейді, деп хабарлады кездесуде ӘМСҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Қазалы ауданында 11 мыңға жуық сақтандырылмаған азамат бар. Осындай көрсеткіш Арал ауданында да. Бұл елді мекендерде тұрғындардың көпшілігі 12 ай ішінде МӘМС үшін төлем жасамады. Олардың қатарында жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелмеген жұмыс істемейтін азаматтар да бар.

Бақыт Исмаханбетов атап өткендей, жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың 15 жеңілдетілген санатының қатарына кіреді.

ӘМСҚ филиалы директорының айтуынша, облыста МӘМС жүйесінен тыс 130 мыңға жуық тұрғын бар, қызылордалықтардың 83% - ы сақтандырылған. Бұл деңгейді 85% - ға дейін көтеру міндеті қойылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру мақсатында дербес төлеушілер үшін МӘМС-ке төлеудің баламалы тетігі - алдағы 12 ай үшін төлем жасауға болады. Ай сайын - 3 000 теңге. Бұл жыл бойына сақтандырылуға мүмкіндік береді. Төлемнің тағы бір тәсілі – бірыңғай жиынтық төлем. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін БЖТ-дің мөлшері 2022 жылы 3 063 теңгені құрайды. Басқа елді мекендерде тұратындарға - 1 531,5 теңге. «Сақтандырылған» мәртебесі БЖТ тұрақты төлемдерінің үш айынан кейін беріледі.

МӘМС жүйесінің осы және басқа да ерекшеліктері азаматтарды қабылдау барысында толығырақ түсіндірілді.

Ақпараттық-түсіндіру тобы Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарының тұрғындарымен кездесулерін жалғастырды.

СУДЬЯ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Зауре Жарылқасынова Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінде өткен « Заң. Әділдік. Теңдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізі» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Шараның мақсаты Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге, халықтың сыбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздеді.

Конференция жұмысына ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы мен Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты өкілдері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары, профессор-оқытушылары, білім алушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары» тақырыбында баяндама жасаған Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы З.Жарылкасынова, баяндама тақырыбын жан-жақты ашып, тақырыптың өзектілігіне көңіл аударды.

Ғылыми-тәжірибелік конференция барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың жаңа тетіктері», «Қазіргі университеттің білім беру ортасы студенттің жеке тұлғасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытын қалыптастыру факторы ретінде», «Қаржылық сауаттылық пен қаржылық қауіпсіздік негіздері. Қаржылық алаяқтықтың қолданыстағы түрлері және олардан қорғану тәсілдері», «Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептері мен оның алдын алу жөніндегі шаралар» тақырыбында баяндамалар тыңдалып, талқыланды.

Шара соңында көтерілген тақырып аясында ұсынымдар қабылданды.

БІТІМГЕРШІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Соңғы жылдары елімізде дау шешудің озық жолы – бітімгершілік тәсілдерін жандандыруға айрықша көңіл бөлінуде. Бұл тұрғыда ҚР Жоғарғы Соты тарапынан «Соттағы татуластыру рәсімдері», «Татуласу: сотқа дейін, сотта» сынды, т.б. тың жобалар тәжірибеге енгізілді. Осы бастама аясында еліміздің барлық аумағында Татуласу орталықтары ашылды. Қазақстан соттарында татуластырушы судьялар іске кірісті.

Бұған қоса қолданыстағы Азаматтық процестік кодекспен судьяға татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты процесс барысында қарау мүмкіндігі берілді. Тағы бір өзгеріс, бүгінде дауды партисипативтік рәсімде шешуге адвокаттардан бөлек заң палаталарының мүшелері де қатыса алады. Бұрынғы кодексте тараптарды бес күн ішінде татуластыру керек болса, қазіргі күні бұл мерзім он күнге ұзартылды. Мұның бәрі азаматтардың дауды өзара келісіммен бітірулеріне жан-жақты мүмкіндік береді. Татуласу шаралары Азаматтық процестік кодексте (АПК) көзделгендей, татуласу келісімі, медиация тәртібі, партисипативтік рәсім негізінде жүзеге асырылады. Сотқа жүгінушілер осы қағидалардың өздеріне тиімдісін таңдап, дауды өзара келісіммен аяқтай алады.

Әр рәсімнің өз тәртібі бар. Аталған кодекстің 150-бабының талабына сай, судья алдымен талап қою арызын келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Дауды болдырмау мақсатында тараптарға татуласудың тиімділігін түсіндіреді. Сондай-ақ, олардың дауды өзара келісіммен бітірулері үшін процестің барлық сатысында көмектеседі. Татуласу келісімі сот шешім шығаруға кетпей тұрып және сот актісінің орындалуы кезінде жасалады. Бұл үшін тараптар дауды судья немесе медиатордың көмегімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеулері тиіс.

Татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхат сот отырысында қаралып, бекітіледі. Егер тараптар сот отырысына келмесе, сондай-ақ, өтінішхатты өздерінің қатысуынсыз қарау туралы арыз бермесе, татуласу келісімі қаралмайды. Татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдары тараптарға өтінішхат бекітілмей тұрып түсіндіріледі. Екі жақ та қолдаған жағдайда татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарым шығарылады. Егер татуласу келісімі заңға қайшы болып, басқалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса бекітілмейді.

Татуласу келісімі сот актісін орындау сатысында жасалса, актіні орындайтын аумақтағы немесе оны қабылдаған соттың бекітуіне жіберіледі. Келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бір тараптың өтінішхатымен соттың атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Медиативтік келісімге келу арқылы жүйкеге түсер салмақтан арылуға, уақыт жағынан ұтуға және қаржыны үнемдеуге болады. Сонымен бірге татуластыру процесі кезінде екеуара келісім құпиялығы сақталады, еріктілік принципі басшылыққа алынады. Азаматтар медиацияға сотқа дейін де, кейін де қолжеткізе алады. Дау-жанжалды өзара келісіммен бітірген екі жаққа да тиімді. Тараптар тіпті бір күн ішінде мәмілеге келе алады. Даулы мәселелерде бабалар жолы бітімгершілікті ұстанудан ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Тимур РАИСОВ

БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫН САНКЦИЯЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сырдария аудандық сотында «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Аталған іс шараға аудандық сот төрағасы Р.Алдамбергенов, Сырдария ауданының прокуроры Б.Жұмағали және аудандық полиция бөлімінің тергеу ісі жөніндегі орынбасары М.Алиев және тергеушілер қатысты.

Аудандық сот төрағасы Р.Алдамбергенов өз сөзінде, ҚПК-нің талаптарына сәйкес, күзетпен ұстау мерзімі нақты ұсталған кезден бастап есептеледі, осыған байланысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы қаулыда, осы мерзімді есептеудің басталу минутына дейінгі дәлдікпен, осы бұлтартпау шарасы санкцияланатын мерзім, осы мерзімнің аяқталу уақыты бір минутқа дейінгі дәлдікпен көрсетілуі тиіс екенін атап өтті.

Шара барысында заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасы ҚПК-нің, сондай-ақ Жоғарғы Сотының «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының талаптарын сақтау қажеттілігі туралы айтылды.

Сонымен қатар, бұлтартпау шарасының мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттар келтіру кезінде құқық қорғау органдарының өкілдерімен жиі орын алатын кемшіліктерге тоқталды.

Шара соңында қатысушылар туындаған сұрақтары бойынша пікір алмасты

БАҒДАРЛАМАШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Елімізде 10 қараша «Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің күні» деп белгіленді.

Осыған орай, Соттар әкімшісінің басшысы Сүлеймен Сағатбек Болатбекұлы облыстық соттың Ақпараттық технологиялар және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімі мамандарын мерекемен құттықтап, жұмыстағы жетістіктері үшін құрмет грамотасымен марапаттады.

Жиын барысында басшы, соттардың қалыпты жұмыс жасауы үшін, яғни әрбір жеке компьютер, оның қосалқы құрылғылары, сот процесіндегі аудио-бейне құрылғысының қалыпты жұмыс жасауы аталған бөлім мамандарының тынымсыз еңбегінің нәтижесі екендігін айтып, сот жүйесін цифрландыруда олардың жұмысының маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар, Соттар әкімшісі басшысының құрмет грамотасымен «INTEGRITY-A.A.» ЖШС-нің мамандары да марапатталды.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Гульмира Искакова Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасында басқарма басшылары мен мамандарының қатысуымен семинар сабағын өткізді.

Іс-шараның басты мақсаты мемлекеттік қазметшілердің құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, құқықтық сауаттылығын жоғарылату, әкімшілік құқық бұзушылықты реттейтін заңнаманы меңгеру болды.

Семинар барысында судья Г.Искакова қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түсіндірме беріп өтті. Атап айтқанда, әкімшілік құқық бұзушылық істерді қозғау, рәсімдеу, сотқа жолдау тәртібі талқыланды. Сонымен қатар, сот жүйесіндегі істерді қарау барысында қолданылатын заманауи IT-технологиялар бойынша түсіндірме берілді.

Қатысушылар тақырып бойынша туындаған сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.

ДАУДЫ СОТҚА ДЕЙІН РЕТТЕУДІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ ТИІМДІ ІСКЕ АСУДА

Арал аудандық сотында бір жұмыс күнінің ішінде несие қарыздарын өндіру туралы үш талап қою тараптардың сотқа дейінгі хаттаманы толтыруы арқылы татуласуымен реттелді.

Татуластырушы-судья тараптармен әңгімелесу барысында, заңнамадағы дауды сотқа дейін реттеудің жаңа тетігі «сотқа дейінгі хаттама» жасау арқылы татуласудың тиімділігі мен салдарын түсіндіріп, татуластыру шараларын жүргізген.

Нәтижесінде тараптар дәлелдемелері мен дауды бейбіт жолмен реттеудің нұсқалары ұсынылған сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы татуласып, дауды реттеу туралы келісімдер жасасқан. Оған сәйкес, талап қоюшылар жауапкерлердің материалдық жағдайын ескере отырып, берешек қарыздарын бөліп төлеулеріне мүмкіндік берген.

Сот ұйғарымдарымен дауды реттеу туралы келісімдер бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды.

Осылайша, аудандық сотта заңнамадағы татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейтетін «сотқа дейінгі хаттама» нормасы тиімді іске асуда.

ОБЛЫСТЫҚ СОТ СУДЬЯЛАРЫНА АЛҒЫС БІЛДІРІЛДІ

Қызылорда облыстық соты төрағасының атына Арал қаласының тұрғыны, жеті баланың анасы Данара Сисеновадан облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьялары С.Жуынтаева, Ш.Маликова және Н.Өміртайұлына алғыс хат келіп түсті.

Алтын алқа иегері Д.Сисенова хатында, бір мекемеде 20 жыл еңбек өтілі бар өндірістік оқыту шебері екенін, балаларын өсіріп жеткізу мақсатында еңбек етіп келе жатқанын, асырауында мүгедек баласы барын жазған.

«Жұмыс берушінің бастамасымен атқарып отырған қызметім бойынша жұмыстан шығарылдым. Бұл шешіммен келіспей, аудандық сотқа жүгіндім, сот менің шағымымды қанағаттандырусыз қалдырып, облыстық сотқа шағымдандым. Менің шағымым жан-жақты талқыланып, талабым қанағаттандырылды. Істі қараған судьялар С.Жуынтаева, Ш.Маликова және Н.Өміртайұлына алғысым шексіз. Еңбектеріңізге жеміс, әрдайым әділеттің шыңында әділ шешім тауып, халықтың ықыласы мен алғысына бөлене берулеріңізге тілектеспін» - дейді автор хатында.

СУДЬЯҒА АЛҒЫС БІЛДІРІЛДІ

Қала тұрғыны Алтынбек Мүсіреповтен Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Сәуле Утегеноваға өз алғысын білдірген хат келді.

«Өзіме қатысты қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау барысында судья өзін білікті заңгер, адал әрі әділ судья екендігін көрсетіп, істі жан-жақты объективті қарап, менің азаматтық құқықтарымның бұзылуының жолын кесіп әділ шешім шығарғаны үшін шын ризашылығымды, алғысымды білдіремін. Халық арасынан шыққан мен сияқты қарапайым адамның шын ризашылығы ескерілсе екен» - деп хатын аяқтаған А.Мүсірепов, судьяны қызметіндегі қосқан үлесі үшін марапаттауды сұраған.

Атқарып келе жатқан қызметіне сәттілік, абырой, отбасына амандық тілеймін, деген автор хатында.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Кәсіпкерлік саласын дамыту заман талабы дейтін болсақ, ол жаңа жұмыс орындарын ашып, бюджеттік қаржыларды толықтырудың тұрақты көзі болып отырғанын айтуымыз керек. Сондай-ақ экономикамыздың одан әрі өсуінің нақты факторына, сонымен қатар халықты жұмыспен қамтудың және әл-ауқатын жақсартудың негізі екені даусыз. Ал, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, бизнеске жол ашу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып отыр. Осы орайда, Сырдария аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бисембаев Нұржан Пермебайұлымен арнайы кездесіп, сұхбаттасқан болатынбыз.

-Нұржан Пермебайұлы, алдымен 2022 жылы атқарылған жұмыстар жайында қысқаша баяндап өтсеңіз?

-Сырдария ауданы бойынша 2022 жылдың 1 қазанына 2915 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркеліп (01.10.2021 жылы-2620 –295бірлікке ұлғайған), оның ішінде жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2771 (01.10.2021 жылы-2441-330 бірлікке ұлғайған). Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелгендерге үлесі 95,0пайызды құрады. Жалпы 2022 жылдың 10 айында Сырдария ауданында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 2756,8 млн. теңгені құрайтын 458 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.

-Осыны тарқатып айтсаңыз?

-Атап айтқанда «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы бойынша құны 54,7 млн. теңгенің 13 жобасы қаржыландырылды. «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы бойынша құны 112,9 млн. теңгенің 24 жобасы кеңестің оң шешімін алып, қаржыландырылды. «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасының пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау бағыты аясында құны 456,1 млн. теңгенің 24 жобасы екінші деңгейлі банкттер тарапынан қаржыландырылды. Ішінара кепілдендіру бағыты бойынша құны 150,2 млн.теңгенің 17 жобасы қаржыландырылды. Осы бағдарламаның 5,0 млн. теңгеге дейінгі қайтарымсыз грант конкурсына ауданнан құны 271,6 млн.теңгені құрайтын 67 жоба қатысып, Тереңөзек кентінен құны 7,9 млн. теңгенің 2 жобасы жеңімпаз атанды. Олар «Макарон өнімдерін өндіру» жобасы (4,9 млн. теңге) және «Құм блогын өндіру» жобасы (3,0 млн. теңге). Сонымен қатар, жұмыспен қамту орталығы арқылы «Стартап» жаңа бизнес идеяларды іске асыру мақсатында1 225 200 теңгеден 300 адамға 367,2 млн. теңге көлемінде мемлекеттік қайтарымсыз грант берілді. Аграрлық несие корпорациясы арқылы «Кең дала», «Агробизнес» және «Іскер» бағдарламалары бойынша 361,3 млн. теңгенің 41 жобасы қаржыландырылды. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Қызылорда филиалы арқылы аудандағы құны 1246,5 млн. теңгеге 37 ауылшаруашылық техникалары мен құрал-жабдықтары алынды.

- Қалай десек те мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдауының кемі жоқ. Халықты нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы мен жаппай кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндігі бүгінгі таңда үлкен қолдауға ие. Аудан халқының серпілісі қалай?

- Иә, дұрыс айтасыз. Бүгінде кәсіп ашуға ниеттілер көп. Көпшілік халықта сілкініс пайда болды. Кәсіппен айналысатындардың саны көбейгені көңілге қуаныш ұялатады. Оның ішінде мал басын көбейту, тігін цехы, тұрмыстық қызмет көрсету кешені сияқты бағыттар қаржыландырудан кенде қалып отырған жоқ. Бүгінде пайызы төмендетілген несие алу мүмкіндігі де туды. Бұл кәсіпкерлерге кәсіп аясын кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Жаңа кәсіп бастау, өзінің сүйікті ісімен айналысу кімге болса да арман емес пе?! Десе де көп жағдайда арманның соңынан жүруге қаржылық мәселелер мен мүмкіндіктің болмауы кедергі келтіріп жатады. Мұнда кәсіби сауат пен білімнің жетіспеуі де адамға дұрыс бағыт таңдауға қиындық келтіреді. Ауданымыздың негізгі күнкөріс көзі ауыл шаруашылығы болғандықтан біздің кәсіпкерлердің негізгі кәсібі де соған қарай бағытталғанын баса айта кетуім керек. Бізде сырттан келген қонақтарға қызмет көрсету орыны бар. Алайда шет елден келушілердің басты сұранысын қанағаттандырады деуге болмайды. Ауданда туристік бағытта жұмыс жасаймын дегендерді кездестіре де алмайсың.

- Сіздің бұл салаға келгеніңізге көп болмаса да, бір кездері кент әкімі болдыңыз ғой. Жалпы қай саланы болмасын жақсы білетін азаматсыз. Бүгінгі таңда осы кәсіпкерлік саласының ауданда дамуы қалай?

-Дұрыс айтасыз. Кент әкімі болып тұрған тұста да бұл сала назарымнан тыс қалған емес. Аптаның әр жұмасында бір рет сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін халықты жеке қабылдап, олардың өтініш-тілектерін тыңдап, қажетті кеңестермен бөлісіп отырамын. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан болып жатқан қолдауларды түсіндіру бағытында кездесулер ұйымдастырып, тұрғындарға үнемі жаңа бағытта жұмыс орнын ашуды айтып отырамыз. Өйткені қарапайым ауыл тұрғыны мемлекет ұсынып отырған мүмкіндік туралы, оны қалай пайдалану керектігін біле бермейді. Білген күннің өзінде қорқасоқтайды. Сондықтан бізге көмек сұрап келген кез-келген адамға тегін кеңес беріп, керек десеңіз құжаттарын бітіруге де көмектесеміз. Өйткені біздің басты мақсатымыз – кәсіпкерлерді қолдау, олардың санын, сапасын арттыру. Бизнеске апаратын жолдың бастапқы сатысында сүйеу болмаса, іс өнбейді ғой. Көбісі кәсіп ашуға ниеті болғанда неден бастарын білмей жататындар да аз емес.

-Жастарымыздың дені қалай, оларға қандай жағдай жасалып жатыр?

-Жастар – қашанда қоғамның қозғаушы күші деп жатамыз ғой. Болашағын бағамдайтын мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді. Білім мен ғылымның салтанат құруы Отанның еңсесін ешкімге бастырмауға сеп болатынын бүгінгі заман дәлелдеп отыр. Сондықтан да еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Қай уақытта болмасын жастарды қолдап отыру басты парызымыз болуы тиіс. Жастар үшін қолға алатын істер өте көп. Мысалы кинотеатр, қоғамдық тамақтану орындары, жастар демалатын орындар ашуға ұсыныстар түсіп жатса, қолдап-қуаттауға әзірміз. Озық ойлы жастарда идея жеткілікті де ғой. Тек соны жарыққа шығару керек. Шағын несие беріп, орта бизнесті дамыту арқылы мемлекетіміздің негізгі көздегені де жұмыссыздықты азайту екені белгілі. Әр кәсіпкер өзінің жұмысының көлеміне қарай жұмыс орнын ашады, осыған орай жұмыссыздық саны төмендейтіні рас. Сондықтан жастардың жеке кәсіп бастауына немесе жаңа мамандық алып, жұмысқа орналасуына жағдай жасауға қашан да мүдделіміз. Елдің дамуына үлес қосамын, өңірді өркендетуге атсалысамын дегендерді қолдауға әрдайым дайынбыз.

-Оны жастардың бойында әуелден қалыптастыру керек емес пе?!

-Әрине! Кәсіпкерлік еңбектің басқа түрлерінен оқшауланып тұрады. Атақты неміс экономисі, Гарвард университетінің профессоры Иозиф Шумпетердің «Кәсіпкер болу – басқаның істегенін істемеу» деген сөзі соның айғағындай. Өз еңбегін ұйымдастыра білген адам кәсібін дөңгеленте алады. Бұл туралы француз экономисі Жан Батист Сейдің «Кәсіпкер – адамдарды өндірістік ауқымда ұйымдастыратын адам» деген анықтамасы бар. Шағын және орта бизнесті дамытудың мойны озық елдерде жақсы мысалдары аз емес. Әсіресе, Катар, Люксембург, Сингапур, Бруней, АҚШ, Германия, Ирландия, Канада секілді әлемнің аса бай 25 елінде жұмыс істейтін халықтың шағын кәсіпкерлік субъектілері секторындағы үлесі 60-80 пайызды құрайды. Ал Қазақстандағы бұл көрсеткіш небәрі 25 пайыздан аспайды. Сол себепті, шағын және орта бизнесті дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Кәсіпкерлік – жаңашыл іс, шаруашылық жүргізудің әдісі және өз бетімен жұмыс істеуге негізделген экономикалық ойлаудың ерекше үлгісі дер едік. Кәсіпкер еңбегін өнертапқышқа баласақ, бұл талаптарға жауап бере алатын лайықты әлеуметтік топтың жастар екені де даусыз. Бүгінгі жастар бірнеше тілді меңгеруімен, заманауи компьютерлік бағдарламаларды жасауға, жаңа технологияларды игеруге шапшаң бейімделуімен ерекшеленеді. Қазақстан тұрғындарының төрттен бірі жастар санатына жатқызылады. Демек, олардың арасында кәсіпкерлікті дамыту – стратегиялық міндет болып саналады.

-Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған биылғы Жолдауы бизнес өкілдері үшін жағымды жаңалықтарға толы болды ғой...

-Жолдауда еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуы үшін қажетті барлық мәселелер көтерілді. Әсіресе пандемия уақытында маңызы артқан медицина, білім беру, IT салаларын дамытудың жолдарына екпін берілді. Соның ішінде пандемия салдарынан дамуы тежелген кәсіпкерлік саласын қолдау күшейе түсті. Атап айтқанда, шағын және орта бизнестің түгелімен несиелерін субсидияландыру мәселесі. Яғни, кәсіпкерлерге 6 пайызға дейін несиені арзандату деген үлкен қолдау болғаны айқын. Жолдауда: «Қайталап айтамын: мемлекеттік құрылымдардың кәсіпкерлік қызметке кез келген заңсыз араласуы, бизнесмендердің жұмысына кедергі келтіру мемлекетке қарсы жасалған ауыр қылмыс ретінде бағалануы керек. Кәсіпкерлер шенеуніктер тарапынан заңсыз қысым көрсе, бірден прокуратура органдарына жүгінгені жөн. Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді. Мұндай компаниялар ішкі нарыққа қана емес, сыртқы нарыққа да бейімделуге тиіс. Олардың экспорттық әлеуетін арттыру үшін қолдауды күшейту керек», деп ел Президентінің бастырмалатып айтуы кәсіпкерлердің көкейінде жүрген жайттар деуге болады. Иә, Жолдау бізге осынысымен де құнды және ел кәсіпкерлері үшін тиімді. Мемлекет басшысының Жолдауда Үкіметке берген тапсырмасы - экономикамен қатар, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру үшін аса маңызды.

Жалпы Жолдауда ел экономикасын және халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту бойынша жаңалықтар өте көп болды. Енді сол алға қойған міндеттерді бірге жүзеге асыруымыз ғана керек. Ең бастысы қолдау бар. Тек нәтижелі жұмыс жасауымыз қажет.

-Сұхбатыңызға рахмет!

Жанар ҚАСЫМ

КҮЗ – МОЛШЫЛЫҚ, КҮЗ – ШАТТЫҚ

Қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында «Алтын күз» тақырыбында түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Баршамызға белгілі, күз маусымында Жер ананың адам баласына ұсынар мол ырыс-несібесі диқандардың таңның атысы, күннің батысы тынбай еңбек етуінің арқасында қамбаға құйылады. Сондықтан да астық пісіп, оны шашпай-төкпей жинап алу ісі дәл осы күз айларында жүзеге асырылатындықтан, осы маусымға халқымыз «Алтын күз» деп айдар таққан. Бұл мезгілде халық несібесі, ел ырзығы ғана жиналып қоймайды, сондай-ақ оның осы кезеңде ұрпақты еңбекке, отансүйгіштікке баулу, табиғатты тану, Жер ананың қасиетін білу және басқа да игі істер негізінде тәрбиелеу ісінде орны айқындала түседі.

Мәселен, жыл сайын мол байлығын ұсынар күз маусымы келгенде мектептер, балабақшалар өзге де мекемелер тақырыпқа сәйкес безендіріліп, осы бағыттағы түрлі танымдық-мерекелік шаралар тәрбиелік мәні зор мерекеге айналады. Сөзіміз дәлелді болу үшін айта кетейік, таяуда Қызылорда қаласындағы С.Лапин атындағы 261 орта мектепте 5- сыныптар арасында «КҮЗ-FEST» шарасы ұйымдастырылып, шәкірттердің таным-түсінігіне оң әсерін тигізетін мағлұматтар берілді, жәрмеңке ұйымдастырылды. Көз тоярлық көріністерден оқушылардың аталмыш мерекеге тыңғылықты дайындалғандарын айқын білуге болады. Шараны ұйымдаструдағы мақсат күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттау еді. Оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру болды.

Шараның барысына тоқталсақ, «КҮЗ-FEST» мерекесі ерекше өтті. Күзгі піскен көкөніс пен жеміс-жидек, қолдан пісірілген тағамдар, өсімдіктерден жасалған әртүрлі бейнелер мен гүл шоқтары көрменің көркін аша түсті. Көрмеге атсалысқан оқушылардың белсенділігін аңғармай қалу мүмкін емес. Сайыс болған соң, жеңімпаздар болатыны айдан анық. Дегенмен, қатысушылардың барлығы дерлік тыңғылықты дайындықпен, үлкен жауапкершілікпен келгендіктен бірінен бірі асып, жеңімпазды анықтау қиынға соқты. Сайыс қорытындысында, қатысқан барлық сыныптар марапатталды.

Күздің молшылығын жәрмеңке ұйымдастыру арқылы өздеріноқ-қиялдарынаерік бере отырып, ауызбіршілікте, ынтымақтастықта әрекет ете білді, адамгершілік-этикалық тәрбие ала білді.

Жанна ОМАРОВА,
мектеп мұғалімі

ҚОҒАМДЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ЖОЛЫ

Медиация «Медиация туралы» заңда және Азаматтық процестік кодексте белгіленген ерекшеліктерге сәйкес өткізіледі. Сот тараптардың өтініш хаты бойынша медиация рәсімін белгіленген мерзім шегінде кейінге қалдыруға және егер басқа тұлғалардың қатысуы дауды реттеуіне ықпал етсе, оларды медиацияға шақыруға құқылы.

Медиация қызметінің тиімді жағына көз салсақ, бұл қызмет ең алдымен қоғамды ізгілендіруге жол ашады. Мәселен, медиаторлар кінәлі немесе кінәсізді іздемейді. Ол тек тартысушы тараптарды өзара ыңғайлы шешім қабылдауға бағыттайды. Ал мұндай жолмен түзілген келісім тараптар арасындағы байланысты одан әрі сақтауға, олардың өзара сыйластығын нығайтуға септігін тигізеді. Қазір аудандық сотта арнайы медиация кабинеті бар. Онда іс жүргізуге қажетті барлық жағдай қарастырылған. Тағы бір атап өтетін жайт, кейбір қылмыстық істер де медиацияның көмегімен шешіліп жатыр. Мәселен 2021 жылдың 12 айында аудандық сот залында 69 іс медиация тәртібімен қысқартылды. Ал сотқа дейін тараптарды татуластыру негізінде 45 іс сот отырысына жетпей тоқтатылған.

Қазір сот саласында қолданылып келе жатқан «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы арқылы біраз нәтижелі жұмысқа қол жеткізіп келеміз. Соттағы жүктемені құрап отырған істердің басым бөлігі татуласумен реттелуге жатады. Сондықтан мұндай даулардың көбейіп кету себептерін анықтап, талдау жасауды одан әрі жандандыруға, татуласу орталықтары мен билер кеңесінің жұмысын да жетілдіруге сала мамандары мен сот қызметкерлері жан-жақты жұмыстар атқарып келеді.

Ал медиациялық келісімде судья татуластырушы тараптарға қойылған талаптардың шегінен шығу құқығын, жауапкердің қарсы шарттар қоюға мүмкіндігін жан-жақты түсіндіреді. Нәтижесінде, өзара тиімді шарттар бойынша келісім жасалады. Өз кезегінде бұл тараптардың алаңдаушылық сезімін басып, ризашылыққа әкеледі. Мұндай жағдайда ұйғарымға шағым келтірілмейтіні анық. Медиацияның ең тиімді тұсының бірі соттар жүктемесінің азаюына оң әсер етуде. Сотқа даусыз істермен жүгінетіндер де жетерлік. Сондай кезде тараптардың өзара келісімге келуінде татуласу рәсімдерінің маңызы зор. Мемлекеттік баждың қайтарылуы да азаматтар мен заңды тұлғалардың дауды бітімгершілік жолымен шешуге ынталандырады. Әсіресе, жоғарыда аталған жоба аясында дау-дамайлар тез арада шешімін табуда. Жобаның басты артықшылығы да осында екенін айта кеткен жөн.

Тағы бір айта кетерлігі бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Жаңа өзгеріске сәйкес егер тараптар татуласуға қол жеткізбесе, сот тараптардың істі сол судьяның қарауына келісімін анықтайды. Егер тараптар істі бұрынғы судьяның қарауына келіспеген жағдайда, талап қою арызы басқа судьяға қайта бөлінеді. Татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту мақсатында дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеуге қатысушы тұлғалар шеңбері кеңейді. Сонымен бірге осыған дейін қолданыста болған кодекс талабына сәйкес сот істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында өз бастамасымен дәлелдемелер жинаудан толық босатылып, тек тараптың уәжді өтінішхаты бойынша оған қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсететін. Қазіргі өзгерістерге сәйкес сотқа тараптың уәжді өтінішхаты немесе өз бастамасымен іс материалдарын жинау және зерттеу бойынша шаралар қабылдап, өз бастамасымен сот тапсырмаларына дәлелдемелерді жинау өкілеттігі берілді.

А.АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ҚАУЛЫЛАРЫН САНКЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Қызылорда қалалық сотының ұйымдастыруымен «Борышкерлердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуын шектеу туралы сот орындаушыларының қаулыларын санкциялаудан бас тарту себептерін талқылау» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Іс шараға Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаев, судьялар С.Жаппасбаев, М.Ақынбек, аудандық соттың судьялары (аудандық соттар бейнебайланыс арқылы) және Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында судьялар мен жеке сот орындаушылар арасында соттың санкциялануына жататын қаулылар, оларды жолдау, судьялармен азаматтарды республика аумағынан шығаруды және мәжбүрлеп келтіруді санкциялаудан бас тартуы мен сот орындаушылардың ұсыныстары бойынша туындайтын мәселелер талқыланды.

Шара соңында кездесу қатысушыларымен өзара іс-қимыл мәселелерін шешу және алдағы уақытта жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсынымдар қаралды.

РЕСПУБЛИКА КҮНІН ҚАЙТАРУ – ЗОР МӘНГЕ ИЕ

Тарих – өткеннің жоқтаушысы, келешекке бағдар берер тамыршысы. Ұлт болып ұйысқан еліміздің тарихын тану, өткенін бағалау ұрпақтың басты парызы. Соның ішінде тәуелсіздікке қол жеткізуге көмектескен әр сәт, әр әрекет бағалы, ерекше құнды. Мызғымайтындай көрінетін Кеңестер одағының көбесінің сөгіліп, ынтымағының ыдырауына ықпал еткен желтоқсан оқиғасын біз ғана емес, бұрынғы туысқан елдердің бәрі есінде сақтары анық. Ал азаттықтың заңдық негізін қалауға жол ашқан «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы» Декларацияның ел өміріндегі орны бөлек.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымында тарихи құжат қабылданды. Декларацияның қабылдануы жас мемлекеттің қалыптасуының заңдық алғышартына айналды. Бұл құжатты көріп, танысқандардың бойында жеке мемлекет, тәуелсіз ел болуға деген сенім пайда болды.

Декларация негізгі 17 тармақтардан құралған. Онда ең алдымен Қазақстан халқы Қазақ КСР-індегі егемендіктің жалғыз иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі деп жарияланды. Маңызды құжатта республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең өмір сүру жағдайларын жасауға ұмтылыс жасалды. Сонымен бірге, экономикалық қауіптіліктің қайнар көзі болып табылатын обьектілердің қызметіне және жұмыстарына тыйым салатын экологиялық қауіпсіздік қағидаттарын негіздеді.

Бұған қоса, әрбір ел үшін басты ұстаным саналатын мемлекет тұтастығы мәселесіне айрықша мән берілді. Осылайша декларацияда Қазақ КСР-інің аумағы бөлінбейтіні және қол сұғылмайтыны, оның келісімінсіз аумақты пайдалануға болмайтындығы жария етілді. Декларацияда ұлттық мемлекеттілікті қорғау және нығайту, төл мәдениетті, салт-дәстүрлерді, тілді жаңғырту мен дамыту және қазақ ұлтының, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың ұлттық қадір-қасиетіннығайту мәселесі де негізгі шарттардың бірі ретінде дәйектелді. Дәл осы декларацияда мемлекеттік билікті – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі деп бөлу принциптері көпшілікке жария етілді.

Тәуелсіздікке жақындатқан Декларацияның құрметіне 25 қазан Республика күні болып бекітілгені белгілі. Алайда, 1992 жылдан бастап атаулы күндер қатарына енгізіліп, 2001–2009 жылдар аралығында мемлекеттік мереке ретінде тойланған бұл күн 2009 жылдан бері атаулы күндер қатарынан түсіп қалған болатын. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдағы ұсынысынан кейін республика күніне қатысты үлкен өзгерістер қолға алынды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгерістер енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25 – Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын, – деп атап өтті Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Тоқаев.

Міне, биыл біз қайта оралған ұлық мерекені атап өттік. Республика күні – тәуелсіздіктің символы ретінде халықтың рухын көтеретін, ынтымағын нығайтатын, бір мақсатқа ұйытатын айтулы күнге айналарына күмән жоқ.

Талант ТІЛЕП,
Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының судьясы

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТЕҢ

Ерлер мен әйелдер үшін тең құқық пен еркіндікті белгілейтін гендерлік саясаттың нәтижесінде әйелдер мемлекеттік органдарда, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер азаматтармен қатар еңбек етуде. Олар қабілет, дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп қана қоймай, еліміздің кемел келешегіне өз үлестерін қосуда.

Өткен шаққа көз жүгіртсек, қазақ даласында Тәуелсіздік үшін күресте көзге түскен әйелдер аз болмаған. Ерлігімен қатар, даналығы аңыз болған бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген сақтың батыр қыздары Томирис және Заринаның аты тарихта қалды. Қыз-келіншектердің ерлігі дегенде жоңғар шапқыншылығы тұсында Абылай хан дарабозым деп сыйлаған, қазақтың бас сардары, ұлы қолбасшысы Қабанбай батырдың жары Гауһардың тапқырлығын еске алсақ та жетеді. Қабанбай мен Гауһардан туған Назым қыздың небәрі 16 жасында Түркістан түбінде от шашқан жоңғар зеңбірегіне батпай, ұйлығысып қалған қазақ қолын бастап, найза орнына қолындағы қамшысын бұлғап «Абылайлап» жауға шауып, жоңғарларды түре қуған ерлігі ел есінде.

Кешегі Кенесарының қарындасы Бопайдың ерлермен бірге өз елінің азаттығы үшін толарсақтан саз кешіп, жасанған жаумен арыстанша айқасуы не болмаса қазақ тарихында аққан жұлдыздай із қалдырған Шоқанның әжесі Айғаным ханымның елді ақылмен басқарғанын қалай ұмытамыз? Мұның сыртында кешегі кеңес заманындағы соғыста шығыстың қос шынары атанған Мәншүк пен Әлияның да ерлігі әлі есте. Міне осылайша қазақ даласындағы батыр апаларымызға қарап, сол дәуірдің өзінде ер мен әйелдің тең құқығы жөнінде жазылмаған дала заңы қалыптасқанын аңғаруға болады.

Ел егемендік алғаннан кейін мемлекетіміз әйелдер мәселесін жаңа заман талабына орай жаңаша қырынан көрсете бастады. Нәтижесінде саяси, қоғамдық және экономикалық жағдайлардың ерекшелігі ескеріле отырып, 1998 жылы ҚР Президентінің жанынан – Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия құрылғаны белгілі. Оның негізгі міндеті – отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру екенін де айта кеткен жөн.

Сонымен бірге, гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі. Ол азаматтардың отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңдық мүдделері мен бостандықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуде конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған.

Гендерлік саясат бойынша 2016 жылы Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты – ерлер мен әйелдердің қоғамның барлық салаларында тең құқықтарға, жеңілдіктерге, міндеттер мен мүмкіндіктерге қолжеткізуі, гендерлік кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру көзделді. Соның жемісі болса керек, әйелдер қазанның айналасында емес, денсаулық сақтау, ағартушылық жүйенің, мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, бизнестің де құлағын ұстады. Соған қарамастан отбасының жарасымдылығына көп үлес қосып келеді.

Әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына теңдей қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу гендерлік теңдіктің негізгі міндеті. Қоғамның дамуында әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын шешімдер және біздің мемлекетіміздің гендерлік саясаты, сонымен қатар, отбасы, әйелдер және балалар, әйелдердің жаңа ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі мәселелері бойынша құқықтық база қалыптасуда

Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындаудағы жауапкершілігі, тепе-теңдігі мен нәтижесі жоғары болады. Осылайша, заманауи берік отбасының қалыптасуына жағдай жасау және гендерлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі болып табылады.

Тұрар ТЕМІРБАЕВ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

БИЛЕРДІҢ ІСІ БІЗГЕ ҮЛГІ

Қазақтың заңға бағынғанына, құқықтық қағидаларды сақтағанына тарих куә. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «әз-Тәукенің Жеті Жарғысы» өз заманының заңдық жаршысы, халықтың сенімді қорғаны бола білді.

Осы құжаттардың барлығының дайындалуына хандар бастамашы болғанымен, заңның негізін жасаған билер екені даусыз шындық. Өйткені, халықтың жайын, елдің мәселесін ханнан гөрі, би жақсы біледі. Оны билерге жүктелер жауаптылықтың қаншалықты зор болғанына қарап бағамдау қиын емес. Билер адвокаттың да, прокурордың да, соттың да, медиатордың да рөлін қатар атқарған әмбебап адамдар. Бұған қоса, екі елді елдестіру, мемлекет арасындағы мәселелерді шешудің де билерге тапсырылғаны баршамызға белгілі.

Биге артылған жауаптылық қандай жоғары болса, оған көрсетілетін құрмет те сондай биік еді. Айналасына өзін мойындатқан, сөзін тыңдатқан билер кез келген дауды ақылмен, бітіммен шешкен. Биді сыйлағандықтан, бидің айтқан төрелігін мойындағандықтан айтылған кесім, берілген үкімнің орындалмайтын кезі болмайтын. Қазіргі судьялардың билер институтынан алар үлгісі мол.

Билер жолына, бітімгершілік үрдісінің маңызына соңғы жылдары ерекше мән берілуде. Өйткені, бұл біздің құқықтық тарихымыз. Сонымен бірге, билер билігі қазақтың дауды бейбіт шешуге ниетті, ел бірлігін сақтауды басты орынға қойған ел екенінің дәлелі. «Медиация туралы» заңның қабылдануы билер институтын жаңғыртудың, елдегі даукестікті азайтып, тараптар арасындағы татулықты сақтаудың ізгі қадамы десек қателеспейміз.

«Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілуі қоғамға үлкен өзгеріс әкелді. Бұл заң ең алдымен билерге, билердің төрелік дәстүріне, сол арқылы қазақтың құқық алаңындағы өзіндік қағидаларына деген құрметті арттырды. Соның нәтижесінде бірқатар қазақстандық ғалымдар бірегей билер соты туралы мәселені оқу орындарында зерттеумен шектеліп қоймай, көшпенділер өркениеті құқықтық жүйесінің жалпы мәдени құндылығын әлемдік қоғамдастыққа танытуға ұмтылды. Екіншіден, «Медиация туралы» заң елдегі даукестікті төмендетуге, дауларды өзара бітіммен шешу мәдениетін қалыптастыруға игі ықпалын тигізді. Үшіншіден, заңның қабылдануы ел арасындағы ақсақалдардың беделін көтеріп, ауыл ішіндегі келіспеушілікті өзара шешу арқылы сыйластықты, татулықты сақтаудың негізін қалады.

Жалпы, сөзі тасқа басылған, ісі көпке мұра болған билерден үйренеріміз өте көп. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесінің іргетасы екені шындық. Сот жұмысын жандандыруда билер тәжірибесін зерделеу, билердің сөз сөйлеу, ой қорыту, көпшілікті ұйыту қасиеттерін үйрену аса маңызды. Бұл үшін әлемдік өркениет үдерісіндегі қазақ билер сотының рөлін, оның экономикалық, әлеуметтік, институционалдық аспектілерін, қазақ құқығының этноантропологиялық негізін әлі де терең зерттей түскен жөн. Сонымен бірге, билер соты институтының қазақстандық қоғамның мемлекеттілігі мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы орнына баға берген абзал. Шындығында қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді ұлы даналары бізге бай рухани мұра қалдырды. Билер соты қазақ қоғамында топтастырушы рөл атқарып, мемлекеттің маңызды институты, тіпті оның тірегі болды. Бұл мемлекетті сақтаудың, қазақ көшпенділерінің бірлігін қамтамасыз етудің қуатты факторына айналды.

Билер соты институты жоғары моральдық сот ретінде іргелі қағидаттарға негізделді. Атап айтқанда, бидің сатылмайтындығы, әділеттілік, шешімдерінің мәні мен моральдық бағыты, бидің қолжетімділігі мен жариялылығы, шешендік өнерді меңгеруі, тараптарды татуластыруы және құқық бұзушылық салдарынан келтірілген залалды толық өтеуі дала сотының өзіндік ерекшелігі мен әлеуетін білдіреді. Билер сотының тағы атап көрсетерлік айқын белгілерінің бірі оның рухани бағытты ұстанатындығында екенін айтқан жөн. Өйткені, билер қараған даулардың рухани мазмұны әрдайым басым болды. Билер билік жүргізу кезінде ең алдымен қоғамда қалыптасқан моральдық көзқарастарды ұстануға тырысты.

Қазір осы билер институтын насихаттап, маңызын көтеру бағытында ауқымды шаралар қолға алынуда. Мұндай игі істердің басында сот жүйесі мен судьялардың тұрғаны белгілі. Судьялар билер институтының өткені мен болашағына қатысты халықтың танымын көтеруде, билерді дәріптеу, насихаттау жұмыстарында көш басында жүр. Әділетті үш биге арналған ескерткіштердің әр сот ғимаратынан орын алуының өзі сот саласының билерге деген жоғары құрметінің белгісі болса керек.

Д.ЕРАЛИЕВ,
Сырдария аудандық сотының судьясы

Рухани жеңіс – нағыз жеңіс

Қазір дауласып, уақыт пен қаражат жоғалтатын заман емес. Өз құқығыңды қорғау үшін заң мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білу керек. Бұл өзгерістер елдегі көптеген маңызды мәселелерді оңтайлы шешіп, әлеуметтік-экономикалық дамуымызда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге жол ашады. Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсатының өзі бітімге келу, бітімгершілік болатын, яғни дауласушы немесе араздасушы тараптарды жұрт алдында бітімге келтіру. Бұл қазақ қоғамының өмірлік құқықтық қағидасы болды десек қателеспейміз. Өйткені, қазақ халқы үшін сотта жеңіп немесе жеңіліп шығу емес, рухани жеңілдеп шығу қол жеткізілген әлдеқайда биік жеңіс деп танылған. Сондықтан бабалардан қалған бітімге келу мұрасының қазіргі таңда әлемдік үлгіге айналғаны біздер үшін мақтаныш. Енді сол сара жолды жаңғырттық, ал ары қарай дала заңы мен қала заңының арасындағы үйлесімділікті таба біліп, жүзеге асыру біздің парызымыз.

БІТІМГЕРШІЛІК ЫНТЫМАҚТЫ АРТТЫРАДЫ

Азаматтарды татуластыру дәстүрі бүгінде еліміздің сот жүйесінде дауларды сотқа дейін реттеу тәсілдері арқылы жүзеге асырылуда. Татуласуға жататын даулар бойынша сотқа жүгінген азаматтарға алдымен татуластыру рәсімдеріне қатысу құқықтары түсіндіріледі. Тараптар татуласу келісімін, медиациялық келісім немесе партисипативтік келісімін жасап, дауды толық көлемде немесе бір бөлігі бойынша реттей алады.

Дауды бітімгершілікпен шешу азаматтардың уақытының үнемделуіне ықпал етіп, халық арасындағы дауласу деңгейін төмендетіп, адамдардың ымыраға келу мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан, еліміздің сот жүйесі татуластыру рәсімдерін жетілдіруге кең көңіл бөлуде. Бұл жолдағы маңызды қадамдардың бірі – сотқа дейінгі хаттама институтын қолданысқа енгізу болып табылады. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа еніп, сот жүйесінде сотқа дейінгі хаттама ұғымы пайда болды.

Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы дауды бітімгершілік, медиациялық және партисипативтік келісімдермен реттеуге болады. Оның ерекшелігі, дау бойынша тараптар өзара дәлелдемелермен алмаса алады. Сонымен қатар, уақыт пен күшті үнемдеу, материалдық шығындардың болмауы және мемлекеттік бажды қайтару сотқа дейінгі хаттама жасаудың басты артықшылықтары болып табылады. Сайып келгенде, сотқа дейінгі хаттама дауды бітімгершілікпен аяқтауға және тараптардың бұрынғы қарым-қатынасын сақтап қалуға ықпал етеді.

Жаңа институтты жүзеге асыру тәсілдеріне келсек, татуластырушы-судья тараптарға сотқа дейінгі хаттаманы жасау жөніндегі құқықтарын түсіндіре отырып, татуластыру рәсімдеріне қатысуға шақыру жібереді. Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласудың артықшылықтары мен салдарын түсіндіреді, тараптардың пікірін анықтайды. Егер тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуласқан жағдайда, 15 жұмыс күнінен кешіктірілмей, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады. Сонымен қатар, тараптардың арасындағы дауды бітімгершілікпен реттеу туралы келісімдерді бекітеді.

Қазіргі таңда Байқоңыр қалалық сотында татуласуға жататын істердің санаты бойынша сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы тараптарды бітімгершілікке шақыру тәжірибесі қалыптасып келеді. Мұндай істердің қатарына көбінесе неке бұзу, ортақ мүлікті бөлу және алимент өндіру туралы даулар кіріп отыр. Тәжірибедегі іс бойынша айтып өтсек, Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы У. бұрынғы күйеуі болып табылатын жауапкер Д.-мен некеде тұрған кезінде ортақ мүлік ретінде алынған автокөліктің жарты құнын, яғни 1 500 000 теңгені өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінді. Талап қою сот өндірісіне қабылданғанға дейін тараптарға сотқа дейінгі хаттама құру арқылы дауды татуласу келісімімен, медиация тәртібімен және партисипативтік келісім тәртібімен реттеу құқықтары түсіндірілді. Соттың тараптарды бітімгершілікке шақыруы және талап қоюшының қорғаушысының жәрдемдесуі нәтижесінде, тараптар ортақ мүлікті бөлу туралы дау бойынша сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы өзара бітімгершілікке келгенін көрсетіп, сотқа араларындағы келісімді бекіту туралы өтінішхат жолдады.

Келісімге сәйкес, жауапкер талап қоюшыға ортақ мүлік ретінде алынған автокөліктің жарты құны ретінде 1 000 000 теңге беруі тиіс. Ал, талап қоюшы жауапкердің шартымен келісіп, 1 500 000 теңгені өндіріп алу туралы талап қоюдан бас тартады. Сот ұйғарымымен тараптар арасында медиациялық келісім бекітілді. Ұйғарым шығарылғаннан кейін келесі күні жауапкер талап қоюшыға 1 000 000 теңге көлеміндегі қаражатты беріп, осылайша ортақ мүлікті бөлу туралы дау сотқа дейінгі хаттаманың көмегімен реттелді.

Бүгінде қоғамда дау туындаса, бірден сотпен шешу керек деген ұғым қалыптасқан. Әрине, сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғайды. Бірақ, даудың бәрін соттың таразысына салмай, татуласу арқылы да шешуге болатынын ескерген жөн. Бұл ретте дауды сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы бітімгершілікпен шешу уақыт жағынан да, материалдық және моральдық тұрғыдан да тиімді екенін тәжірибе көрсетіп отыр.

Телжан ЖҮСІПОВ,

СОТ АКТІЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛМАҒАНЫ ҮШІН ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ ТЕТІГІ

Уинстон Черчилльдің «Ұлылықтың тамыры – жауаптылықта» деген тамаша тағылымды сөзі бар. Жауаптылық болған жерде тәртіп орнайды, әділдік салтанат құрады. Жауапсыздық жақынынды алыстатады, жұмысты ақсатады. Мұны дәлелдеу үшін алысқа барудың керегі жоқ. Сот шешімдерін орындамайтындардың, сот актілерін аяқ асты ететіндердің көпшілігі осы жауапсыз әрекеті арқылы қоғамды сыйламай отырғанын, сотқа құрмет танытпағанын көрсетеді. Ал мемлекеттік биліктің бір тармағы саналатын соттың үкімін, шешімін, қаулысын орындамаудың салдары қашан да ауыр.

Сот актілерін орындамау ең алдымен халықтың билікке, әділдікке деген сенімін төмендетеді. Себебі азаматтар өз құқығын, өз мүддесін қорғау үшін сот табалдырығын тоздырып қаншама уақытын, қаржысын жоғалтады. Сот деп шапқылап жүріп отбасы мен жұмыстан да береке кететіні белгілі. Осыншама жанкештілікпен өз құқығын қорғап, қолына көптен күткен сот актісі тигенімен, оны орындата алмай шарасыз күйге түскен жандардың билікке де, сотқа да сенімі азаятыны түсінікті. Ендеше, сот актілерін дер кезінде орындату - азаматтардың сотқа деген, сот арқылы мемлекеттік билікке деген сенімін нығайтудың кепілі.

Екіншіден, сот актілерін орындамау - сотты сыйламау. Ал сот мемлекет атынан шешім шығарады. Сот елдегі қауіпсіздіктің, әділдік пен тура төреліктің күретамыры. Осы тұрғыдан алғанда, сот актісін орындамау - сот тәртібіне бағынбау арқылы әділдік пен төрелікке шекеден қарау болып табылмай ма?

Міне, сондықтан да елімізде сот шешімдерін орындау мәселесіне көп мән берілді. Осы мақсатта соңғы жылдары атқарушы қызмет туралы заңдар барынша жетілдіріліп, сот орындаушыларының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту бағытында кешенді жұмыстар қолға алынды. Бүгінде мемлекеттік сот орындаушылармен қатар жеке сот орындаушылар институты да сот актілерін дер кезінде орындау бағытында жемісті еңбек етуде. Бірақ осыншама жауапты істер атқарылғанымен, сот актілерін орындау бойынша жоғары көрсеткішке жеттік деп айта алмаймыз. Сот актілерінің орындалмауы - барлық өңір соттарында кездесетін, әлі толық шешімін таппаған, өзекті мәселе екені рас.

Сот шешімінің орындалуы сот жүйесі үшін халық сеніміне ие болудың маңызды шарты. Осыған орай сот шешімдерінің орындалмай қалған оқиғаларына үнемі талдау жүргізіліп, мониторинг қорытындысына сай өндіріп алушылардың мүдделеріне кедергі болатын мәселелердің шеңбері, сот актілерін орындауға тосқауыл болатын себептер анықталады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтарға сот актілерін орындату үшін түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу, ескерту беру аздық етеді. Мұндай шаралардың пәрменді болмайтыны рас. Сондықтан сот актілерін орындамағандарды әкімшілік жауаптылыққа тартудың заңды тетігі белгіленген.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 669-бабында сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамаған тұлғаларға әкімшілік жауаптылық көзделген. Кодекстің 669-бабының 1-бөлігіне сай сот актілерін орындамаған жеке тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып, не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы беріледі. Ал сот актілерін орындамаған лауазымды адамдарға, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу көзделген. Бұл тетік сот жұмысына құрметпен қарауға, тараптар алдындағы жауаптылықты көтеруге, сот актілерін аяқсыз қалдырмауға ықпал етері анық.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін сот тәжірибесінен мысал келтіре кетсек. Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында ӘҚБтК-нің 669-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Х.Ж. деген азаматқа қатысты іс қаралды. Отбасымен заңды түрде ажырасқан соң бұл азаматтан кәмелетке толмаған балаларының пайдасына табысының екіден бірін аудару туралы сот бұйрығы 2020 жылдың 28 қаңтарында шыққан. Содан бергі екі жылда азамат балаларының жағдайын білмеген, ұл-қызының нәпақасына деп бөлінген ақшаны аудармаған.

Жалпы тәжірибе көрсетіп отырғандай орындалмаған сот актілерінің басым бөлігін алимент қарыздары құрайды. Негізі құқықты мемлекетте, өркениетке ұмтылған елде ең алдымен бала құқығына басты назар аударылып, алиментке қатысты мәселелер туындамаса керек-ті. Алайда, біздегі жағдай мүлде кереғар.

Қазіргідей нарықтық заманда балалардың қажеттілігін толық өтеу толық отбасылардың өзіне оңайға түсіп отырған жоқ. Алимент әкенің орнын алмастыра алмайды. Дегенмен, мейірімін, қолдауын бере алмаған әкелер ең болмаса сот тағайындаған алиментті уақытында беріп, балаларын қаржылық қиындықтан құтқаруға тырысқаны жөн емес пе? Алайда сот алдына келген азаматтар өзінің жұмыссыз екенін, қаржыдан қысылып жүргенін алға тартып, шарасыздықтан берешегін қайтара алмағанын мойындап жатады. Бұл жолғы сотта да азамат Х.Ж. сот актісін орындамағанына шын жүректен өкінетінін көрсетіп, соттан жеңіл жаза тағайындауды сұрады.

Сот әкімшілік жаза қолдануда азаматтың жасаған құқық бұзушылығына өкінуін жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп, оның жеке басын, отбасының жағдайын, жасап отырған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескеріп, Х.Ж-ға ӘҚБтК-нің 669-бабының 1-бөлігінде көзделген 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу түріндегі жазаны қолдану дұрыс деп тапты. Сот сондай-ақ ӘҚБтК-нің 829-11-бабының 2-тармағына сәйкес әкімшілік айыппұлдың жалпы сомасының отыз пайызынан асырмай қысқарту (15315 теңге - 30% = 10721 теңге) қажет деп есептеді.

Кодекстің бұл бабында соттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамға салынған және осы Кодекстің 44-бабы бірінші бөлігінің бірінші абзацына сәйкес есептелетін әкімшілік айыппұлдың мөлшерін қысқартуға, бірақ айыппұлдың жалпы сомасының отыз пайызынан асырмай қысқартуға құқылы екені көрсетілген. Мұның барлығы соттың жазалауды мақсат етпейтінін, ең бастысы азаматтарға қателігін түсіндіріп, теріс қадам жасаудан сақтандыратынын дәлелдейді. Расында, 10721 (он мың жеті жүз жиырма бір) теңге айыппұл төлеу әкімшілік құқықбұзушыға ғана емес, қоғамға ой салары анық.

Сот актілерін орындамау деректері тек алиментке ғана қатысты емес. Сотпен белгіленген берешекті сағызша созып, талай адамның құқығын таптап жүрген азаматтар әлі де жеткілікті. Соның бірі жақында ісі қаралған А.Ж. деген азамат. Алматы қаласының нотариалдық палатасының нотариусы К.Молдатаевтың 09.12.2021 жылғы атқарушылық жазбасы негізінде борышкер А.Ж-дан талап етуші «Специальная ТаймИнвест» ЖШС-ның пайдасына 551 528,3 теңге өндіріліп, мәжбүрлеп орындау үшін атқарушылық құжаты қозғалған. Бірақ арада қанша уақыт өтсе де А.Ж. атқарушылық құжатты орындамаған. Бөліп төлеуге, қарызын қайтаруға қандай да бір әрекет жасамаған. Ақыры қарсы тарап соттан қайтара көмек сұрауға мәжбүр болған. Осы әрекеті арқылы А.Ж. сот шешімін орындамай, қарсы тарапқа тиесілі қаржыны қайтармай отыр. Осындай жауапсыздық салдарынан сот жүктемесінің де көбейетінін ұмытпауымыз керек.

Сот отырысында А.Ж. өз кінәсін толығымен мойындап, атқарушылық құжатты орындамағанына шын жүректен өкінетінін көрсетіп, жеңіл жаза тағайындауды сұрады. Жағдайды саралай келе сот А.Ж-ны ӘҚБтК-нің 669-бабының 1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылыққа жол берген деп есептеп, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу түріндегі жазаны қолдануды дұрыс деп тапты. Бұл жолы да ӘҚБтК-нің 829-11-бабының 2-тармағына сәйкес әкімшілік айыппұлдың жалпы сомасының отыз пайызынан асырмай қысқарту (15315 теңге - 30% = 10721 теңге) қолданылды. Сот мұндай істерді қарағанда азаматтардың әлеуметтік жағдайын, тұрмысын, жұмыссыз жүргенін ескереді, айыппұлды мейлінше төмен белгілеуге тырысады. Ал осы мүмкіндікті берешегі барлар ескере ме, мәселе сонда?!

Статистикалық мәліметтерге тоқталатын болсақ, 2022 жылдың 5 айында сотқа ҚР ӘҚБтК-нің 669-бабы бойынша барлығы 109 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс келіп түсіп, қаралған. Оның 101 ісі бойынша әкімшілік айыппұл белгіленіп, 7 әкімшілік іс бойынша әкімшілік қамақ түріндегі әкімшілік жаза тағайындалған. Сонымен бірге, 1 іс сот өндірісінен тоқтатылған. Әкімшілік айыппұл түріндегі жаза тағайындалған 101 іс бойынша барлығы 1 216 060 теңге айыппұл салынып, оның 321630 теңгесін құқық бұзушылар заңда көзделген мерзімде өз еріктерімен мемлекет қазынасына төлеген. Яғни, белгіленген айыппұлдың тек төрттен бірін борышкерлер өз еріктерімен қайтарған. Ал қалғаны жоғарыдағы жеңілдетілген соманың өзін созып төлейді. Осының өзі әкімшілік жазаның өзі жауапсыз азаматтарға сабақ бола алмайтынын айғақтайды.

Жалпы, сот актілерін уақытында орындату мәселесі қоғам талқысынан ешқашан түскен емес. Бұл дұрыс та. Себебі, соттың шешімі орындалуымен құнды. Сот шығарған шешімді орындамау - судьяны сыйламау, сотқа құрметсіздік таныту, қоғамды елемеу. Мұның бәрі азаматтардың жеке жауаптылығына байланысты. Дегенмен, жауаптылықты көтеріп, сот актілерін орындатуда пәрменді шаралар қабылдау аса маңызды. Ол үшін сот орындаушылар жұмысын жандандырып, берешекті қайтартуда белсенді қызмет етіп отырған құзырлы органның жұмысына кедергі келтіретін тетіктерді жою шарт. Әсіресе, бүгінде сот орындаушылардың қауіпсіздігіне қатысты мәселені шешу кезек күттірмейді. Өйткені борышкерлердің өз жұмысын атқаруға барған сот орындаушыларға қарсы күш қолданып, қорқытып, тұрғын үйге кіргізбеу, өндіріліп алынуға тиіс мүлікті жасыру оқиғалары жиі кездеседі. Сонымен бірге сот орындаушылардың кәсіби біліктілігін көтеру, азаматтармен сөйлесу, келісімге келу мәдениетін қалыптастыру, олардың жұмысын ынталандыру мәселесі де дұрыс шешілуі керек. Борышкерді іздеу, олардың табысы туралы мәліметті табу да қиындық келтіреді. Сондықтан сот орындаушылар сұратқан мәліметтердің жедел, толыққанды берілуін қамтамасыз еткен жөн.

Сот актілерін тек сот пен сот орындаушылар күшімен орындатамыз деу қате түсінік. Бұл мәселені реттеуге қоғам болып атсалысуымыз керек. «Берешекті қайтару - басты міндет» деген түсінік санамызға берік орнықкан кезде ғана жауапты қоғам, жауапты орта қалыптасады.

Р.ШАМШИЕВ,
Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН ДЕСЕК

Отбасындағы береке-бірлік, ырыс-ынтымақ қай кезеңде де өзекті. Әсіресе, бүгінгідей алмағайып заманда «шағын отанның» қадірін түсінген жөн.

Отбасы құндылықтары қазақ халқында әу баста өте жоғары болатын. Халық ажырасуды сүйекке таңба, бетке шіркеу деп есептейтін. Тентегін ата-ана өзі-ақ жөнге салып, ер азаматтың отағасы ретіндегі орнын анықтап беретін. Әрине, жаңа заманмен бірге халықтың таным-түсінігіне жаңа ұғым, жаңа құндылықтар енді. Сапалық тұрғыда нашарлай бастаған отбасы баланың жәутеңкөзіне де, ертеңгі болашағына да аландауды қойды. Ерлі-зайыптының эгосы дәстүр сабақтастығы мен мықты қазақы отбасылық таным-қағидаттарды айналып өтті.

Нәтижесінде отбасылық даулар саны арта түсті. Сотқа келіп түсетін отбасылық дауларға жүргізілген талдаудан некені бұзу туралы іс барлық істер санатының 25 пайызын құрап отырғанын байқатады. Бұл аз көрсеткіш емес. Еліміздегі әлеуметтік ахуал мен экономикалық құбылмалы көңілкүй де отбасының беріктігіне үлкен сынақ болып тұрғаны белгілі. Бұған қоса, бала алдындағы, ата-ана мен ерлі-зайыптының алдындағы моральдық жауапкершіліктің әлсіреп жатқанын да көруге болады.

Шаңырақтың шайқалуына себеп болып отырған жағдайлар мыналар: Жұмыссыздық, ер азаматтың отбасын материалдық тұрғыда қамтамасыз етпеуі; Ерлі-зайыптылардың мінез-құлықтарының келіспеушілігі; Жұбайының ішімдікке салынуы; Құмар ойындар ойнап, отбасының берекесін алу жағдайлары; Отбасылық мәселелерге ата-енесінің, қайын апа, қайын сіңілілердің араласуы; Отбасындағы сатқындық; Зорлық-зомбылық.

Президент Қ.Тоқаев өзінің кешегі жолдауында тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесіне айрықша тоқталып өткені белгілі. «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек» – деді Мемлекет басшысы.

Сондықтан қазіргі таңда қоғам болып отбасы институттарын нығайту, олардың береке-бірлігін, татулығын арттыру мақсатында көптеген жұмыстарды атқару қажеттігі туындайды

Азаматтық істі қарау барысында некелік қарым-қатынастарды сақтап қалу мақсатында татуласу үшін берілген мерзім, өкінішке орай, нәтиже бермей, некенің бұзылуына әкеп соғып жатады. Қазақ: «Ұяда не көрсең ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдерді ежелден бала санасына сіңірген.

Бұл орайда аталған ұлы сөздердің мағынасын отбасын құрған азаматтарға барынша түсіндіріп, отбасылық құндылықтарды дәріптеп жүрген өмірлік тәжірибесі мол медиторлардың еңбегін атап өтпеске болмайды. Қаншама отбасы олардың жүргізген шараларының арқасында шаңырақтарының шайқалуына жол бермей, некесін сақтап қалуға бел буды. «Отбасы – қоғамның алтын діңгегі». Дені сау ұрпақ, көңілі шат жеткіншек қана мемлекеттің ертеңгі саналы тірегіне айнала алады.

Отбасы күйреп, қамкөңіл, шеркөкірек боп өскен баладан қандай толыққанды, психикасы мығым азамат шығады?! Ендеше, «Мерейлі отбасы», «Бақытты жанұя», «Үлгілі әке» секілді әлеуметтік бағдарламалар кешенді түрде жалғасын тауып, жаңа бағдарламалар қабылданып, отбасы құндылықтары әр салада әртүрлі формада насихатталып, отбасы институттарының жұмысы күшеюі қажет.

Ең алдымен әр қазақстандық отбасының бүгінгі бағыты «саналы ұрпақ», «білімді бала», «бәсекеге қабілетті ұлт», «бақытты отбасы» өлшемдерін ұстану керек деп есептеймін.

«Ел Тілегі» ақпарат

АҚИҚАТ АЛАҢЫНДАҒЫ АЙЫМДАР – БАҒДАРЫМЫЗ

Білмеген адамға судьяның жұмысы беделді, шексіз құрметке ие мамандық секілді көрінуі мүмкін. Алайда, сот қызметінің қазанында қайнап жүрген адам үшін бұл мамандықтың салмағы қаншалықты ауыр екені белгілі.

Жер бетіндегі сан мың мамандықтың өз қиындығы бар, соның ішінде жанның арашашысы дәрігер мен тағдырдың арашашысы судья қызметінің орны тіпті бөлек. Шәкәрім атамыз дүниетаным мәселесінде адамды тек қана өз тағдырымның алдында жауаптымын демей, барлық адамзат тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Оның бір ғана «ар ілімі» бүкіл адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымға лайық болуға үндейді. Судья болу үйреніп алатын мамандық емес, ол адалдыққа қанығып өсумен қатар өзіңді күн сайын ар сотына салып, әр ісіңді сараптай отырып даму, жетілу, адам тағдырына әділетті үкім айтуға өзіңді тәрбиелеу.

Қазіргі қоғамда судьяның рөліне қатысты түрлі көзқарас бар. Бірі биліктің бұл тармағын сонау бағзы заманнан тамыр тартатын билер дәстүрінің жалғасы десе, енді бірі – тәуелсіздігіміздің басты тұғыры деп жатады. Сындарлы сын мен шатпағы көп шағымдар да біздің сот жүйесінің бүгінгі келбетін айналып өтпейді. Бұл әдетте қалыпты құбылыс деп қабылданады. Себебі, соттың алдына келетін қос тараптың бірі жеңіске жетсе, екіншісі шыққан шешімге қанағаттана бермейді.

Қазіргі сот жүйесінің мақсаты – даудан ұтылғанды да сот шешіміне риза етуге негізделеді. Ебедейсіз естілгенімен мұның артында пайдасы зор тағылым жатыр. Қазір соттар бір тарапты бір тараптың алдына жығып беруге емес, керісінше қос тарапты ортақ ымыраға келтіре отырып, қоғамдағы бірліктің артуына ықпал етеді. Қазақ тарихында би болып дау шешу тек ер азаматтардың еншісінде болған кәсіп дейтіндер бар. Бірақ тарихқа үңілсеңіз, Ұлы дала төсіндегі еркіндікті аңсаған ата-бабаларымыздың тарихнамасында қаншама аналарымыз ел билігін қолына алып, халықтың тағдырын шешуге септігін тигізіп, тіптен бір ұлтты жоғалып кетуден сақтап қалып отырған игі істерінің талайына куә боласыз. Сонау сақ дәуірінен бастау алатын аналардың данасы Ұмай анадан бастап, тұтастай бір мемлекетті билеген Томирис, Зарина патшайымдарымыз, Домалақ ана мен Зере әжелеріміз, есімі руға айналған Қызай ана, ақылдылығымен аңызға айналған Қарашаш, ел басына күн туғанда қолына найза-қалқан алып жауға шапқан Бопай ханшалар сөзіміздің нақ мысал. Сол сияқты қазіргі сот жүйесінде де ерен еңбегімен үлгі боп жүрген әйел адамдар көп. Олардың Отаннан басқа, отбасылық міндеттері бар екенін ескерсек, мұндай жанкештілікке баратын қыздар қауымы ерекше құрметке лайық деп есептеймін.

Әр адамның тағдыры әртүрлі. Қазір әділ сот төрелігі үшін бар жағдай жасалған. Сот жүйесіндегі реформалардың нәтижесінде соттардың жұмысы жаңа сапалы, биік деңгейге көтерілді. Неғұрлым кәсіби, ашық, қолжетімді, сапалы және тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты, еліміздің кез келген азаматы заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа нық сеніммен жүгінуіне болатынын түсінді. Тәуелсіз сот жүйесі бұдан кейін де жаңа сапаға көтеріліп, әділетті, ашық жүйе есебінде дами береді.

З. ӘЛИ

ОБЛЫСТЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Қызылорда облыстық сотының төрағасы Шығамбаев Әділхады Жұмабайұлы Қазалы ауданының тұрғындарына жеке қабылдау жүргізді. Аталған іс шара Қазақстан Республикасы Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын орындау мақсатында облыс әкімімен, аймақтың құқық қорғау органдары басшыларымен бірге жүзеге асырылуда.

Қазалы ауданының тұрғындары жеке қабылдауда ортақ мүлікті бөлу, мәміле жасауды міндеттеу туралы сұрақтармен және қылмыстық кодекстегі кейбір баптардағы жазаларды жеңілдету туралы ұсыныстарымен жүгінді.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджименті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі,4 А үй Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6000 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №1935

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/